

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСТЫ. ІС-ШАРАҒА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ, ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ МҮШЕЛЕРІ, ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ, ЖАСТАР ҚАТЫСТЫ.

# Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

3

НАУРЫЗ  
БЕЙСЕНБІ

2016 жыл  
№32 (1917)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboy.kz

## БІРЛІГІМІЗДІ БЕКІТЕ ТҮСЕТІН МЕРЕКЕ

Мемлекет басшысы Алғыс айту күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» экспозициясын көрді.

Нұрсұлтан Назарбаев сондай-ақ барша Қазақстан халқын мерекелен құттықтады.

– Былтыр Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясында айтылған менің ұсынымым жұртшылықтан кеңінен қолдау тапты. Сол іс-шарада елдегі түрлі этнос өкілдері бір-біріне және қазақ халқына алғыс тақырыбын қозғады. Биылғы қаңтарда мен тиісті Жарлыққа қол қойдым. Алғыс айту күні – енді ұлттық күнтізбедегі Еңбек күні, Отбасы күні сияқты өзге де мерекелердің қатарындағы жаңа дата. Мен бұл мереке қазіргі уақытта аса қажет біздің қоғамдағы сенімді, келісім мен достықты бұрынғыдан да нығайта түсетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті тарихымыздың көптеген беттері биік моральдық құндылықтардың бірі ретінде алғыспен байланысты екенін атап өтті.

– Біздің бабаларымыз халықтың басына түскен ауыр сынақтарға төтеп беретін күш-қуат дарытқан туған жерге және тағдырына риза сезімде болған. Олар әскери шапқыншылық жылдарында, қуаңшылық немесе жұт кезінде көмекке келген жақындарына, туыстары мен көршілеріне әрдайым алғыс айтқан. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін және жер аудару сияқты қайғы-қасірет жылдары миллиондаған адам бір-біріне көрсеткен көмегі мен қолдауы үшін ризашылық танытты. Бұл барынан айырылған адамдарға тіршілік жасауға, үмітін қайта жалғауға, өмірді қайта бастауға күш берді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.



Мемлекет басшысы сол қуғын-сүргін жылдарының куәгерлері мен олардың ұрпақтары Қазақстанның қасиетті жерінде көрген қамқорлық пен қонақжайлықты қазір айрықша жылылықпен еске алатынын айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде еліміздің көпжұрттылық тарихынан сабақ алу қажеттігіне назар аударды.

– Біз жыл сайын саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін атап өтеміз. Бүгінде

біз – 100-ден аса этнос және 17 конфессия өкілдері татулық пен келісімде өмір сүріп жатқан бірегей елміз. Біз бірге қалалар мен кенттер салып, егін егіп, индустрияны дамытып, жол салып жатырмыз, отбасын құрып, бала тәрбиелеудеміз.

Табыстарымызға бірге қуанып, ең қиын сәттерде бір-бірімізге қолдау көрсетіп келеміз. Менің тапсырмаммен Ассамблеяның бүкіл елдегі барлық қайырымдылық шаралардың үйлестірушісі ретіндегі рөлі Ұлт жоспары аясында заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Ассамблея тарихы – біздің достығымыз бен тұрақтылығымыздың тарихы. Алғыс айту күні бізді бұрынғыдан да жақындастыра түсетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті татулық пен келісімде бірлесіп өмір сүру салты әсіресе жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында көші-қон хаосы басталған, этносаралық және әлеуметтік қатқылдастар ұшыққан бүгінгі таңда еліміздің ең қымбат тәжірибесі екеніне назар аударды.

Елбасы бүгінде Қазақстанның алдында зор міндеттер тұрғанын атап өтті.

– Менің халыққа арнаған Жолдауымды, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру жүріп жатыр. Біз «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын іске асырудамыз. Сондықтан мен бүгін бірлік пен келісімге, достық пен өзара түсіністікке деген құлшынысы үшін бүкіл Қазақстан халқына зор ризашылығымды білдіріп келеді. Әр үйде татулық, жақсылық және береке болсын. Алғыс айту күні еліміздің ең айшықты, әркімнің де жүрегіне жақын мейрам болатынына сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Осы күні Мемлекет басшысы Алғыс айту күніне орайластырылған «Анаға апарар жол» тарихи драмасының алдын ала көрсетіліміне барды.

## АЛҒАШҚЫ АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ



Қаладағы «Достық үйінде» Алғыс айту күніне орай мерекелік шара болып өтті. Оған облыс әкімі Қырымбек Кошербаев қатысты. Алдымен ғимарат алдына тігілген киіз үйдің ішінде сан ұлттық ұлттық тағамдары қойылды.

Мұнан кейін аймақ басшысы «Достық үйіндегі» мұражай мен тілдерді оқыту кабинеттерінің жұмысымен танысып шықты. Сонымен қатар концерттік залдағы «Ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем, бақ қонған – Қазақ елі» атты мерекелік шараны тамашалады.

Сын сәтте мойымаған әрkes ынтымағын ырысқа айналдыра білген біздің елде бірлік пен берекемізді күшейткен тағы бір игі бастама жүзеге асты. Елбасы бытыр өткен ҚХА XXII сессиясын-



да Ассамблеяның құрылғаны күні 1-наурызды барлық этностарды бір-біріне және қазақ халқына алғыс айту күні деп белгілеуді ұсынған болатын. Мемлекет басшысының бастамасын күллі қазақстандықтар, соның ішінде сырбайлықтар бірауыздан қолдады. Олай болса, тәуелсіздігімізге ширек ғасыр толған мерейлі жылда алғаш рет аталып отырған Алғыс айту күні баршамызға құтты болсын, – деді аймақ басшысы.

Концерттік бағдарлама барысында түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық билері орындалып, анаға, туған жерге, қазақ еліне арналған және патриоттық әндер шырқалды. Сондай-ақ, ұлттық салт-дәстүрімізді айғақтайтын келін түсіру, тусуа кесу секілді шағын көріністер де сахналанды. Жергілікті би ансамбльдері «Достық» биін қойды. Сонымен қатар түрлі ұлт өкілдері қазақ халқына, ата-анаға,

ұстаздар қауымына, ардагерлерге, елдің атын шығарып жүрген спортшыларға алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді. Осы ретте облыс басшысы:

– Ризашылық білдіру, алғыс айту – жалпы адамзат өркениетінің жеке адам мәдениеті мен адамгершіліктің ең бір асыл көрінісі. Алғысқа та-рылмау, рахметке арланбау – қоғам үшін кемелділіктің, ал жеке адам үшін тектіліктің белгісі. Мұндай тектілік біздің қанымызға қонднен сінген. Көк тәңіріне табынған көне түркілерде алғыс сөзі ізгі тілек айту мағынасында қолданылған. Ұлы дала ислам дінін қабылдаған кезеңде алғыс түсінігін бата ұғымы алмастырып, қазақ қоғамында ризашылық пен алғыс белгісі ретінде бата беру орнықты. Осылайша ұлттық ұғымда алғыс алған адамды тәңірі жарылқап, оның құты көбейді, ырысы арт-ды деген сенім қалыптасқан. Ұлт

санасында алғыс түсінігімен аста-ғып, қазақтың тұрмыс-тіршілігіне дендей енген «Асар», «Жылу», «Ерулік», «Бата» және «Бұйымтай» секілді ұғымдар талай дәуірлер дүрбелеңінде ынтымақты бұзбай елдікті сақтауға қызмет етті. Халқымызда алғыстың елдік үшін паш ететін аталы сөзі де аз емес. Міне, бүгін мындаған жылдық тарихы бар алғыс айту дәстүрі жана Қазақстанның ресми мерекесіне ай-налып, қоғамдық құндылықтар қатарына еніп отыр. Жиымасын-шы ғасырдың басынан аяғына дейін Қазақстан аумағында діни мен ділі аралуан халықтың күрделі қалыптасу үрдісі жүрді. Қызыл империяның қаһарына ұшыраған 100-ден аса ұлт өкілі қазақ жеріне қоныс аударды. Қазақ елі атамекенге келген ұлттарға қонақжайлық қасиетінен айны-май, құшағын айқара ашты. Бүгінде олардың ұрпақтары Қазақстанды өз отандары санайды. Сондықтан ҚХА құрылған күні 1-наурызды жыл сайын барлық этностардың бірі-біріне деген мейірімділігінің, қазақ халқына деген ризашылығының құрметі белгісі ретінде атап өтуінің мәні зор. Мысалы, Америка Құрама Штаттары мен Канада және Жапо-ния елдерінде де бұл мереке тойла-нады екен. Осы мүмкіндікті пайда-ланып, облыстың басшысы ретінде халыққа қызмет етіп жүрген барлық әріптестеріміз атынан талай қиын сәтте қазақ елінен ірге ажыратпаған ниеттеріміз, тәуелсіз Қазақстанға деген кіршіксіз көңілдеріміз, Сыр елінің дәулетін молайтуға қосқан үлестеріміз үшін сіздерге шын жүрекпен алғыс айтамын, – деді.

Жалпы, аталған ғимаратта 258 орындық концерт залы, көрме, мұражай, асхана, облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ, облыстық Азаматтық Альянсы қауымдастығы, «Жастар орталығы» және 11 этномәдени бір-лестік орналасқан.

Сара АДЫБАЕВА.

### САПАР

Аптаның сәрсенбісі күні облыс әкімі Қырымбек Кошербаев аймағымыздың оңтүстігіндегі Жаңақорған және Шиелі аудандарына іссапармен барды.

## ЫНТЫМАҚ БИІККЕ ШЫҒАРАДЫ

Әр жылдың өзіндік ерекшелігі бар. Биылғы жылы еліміз өз Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтеді. Ел тарихындағы аса маңызды оқиғаларға қалың жұртшылықтың нәурыз қарай алмайтындығы ақиқат. Оның үстіне міне, мешін жылының наурыз айы да кіріп үлгерді. Бұл негізінен ауыл шаруашылығымен шұғылданатын Сыр өңірінің жұртшылығы үшін көктемгі егіске қос тігетін жауапты кезең.

Аймақ басшысы Жаңақорған ауданы орта-лығындағы былтыр күз айында ғана ашылған спорт кешеніне арнайы бұрылып, аудан тұрғындарының ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған мерекенің беташар шарасына қатысты. Осында жастармен жүзесті, жас спортшылардың өнерлеріне көңіл аударды. Сондай-ақ, жас суретшілердің тәуелсіздік тақырыбына салған суреттері мен қолөнершілердің туындыларын көріп, өз бағасын берді.

– Тәуелсіздіктен асқан құн-дылық жоқ. Оған қол жеткізу қаншалықты қиын болса, оны сақтап қалу да оңай емес. Бұл – біздің па-рызымыз. Жаңа ғасырдың жаңа шақыруына, жаңа өзгерістеріне ілесе жүріп, жаңашылдық таны-ту, білімділік қорсету керек. Сонда ғана өз мойнымыздағы жүкті еркін көтереміз, ата-баба армандаған еркіндігімізді баянды етеміз, – деген аймақ басшысы әңгіме өрісін бы-лайша жалғасты: – Президентіміздің Жарлығымен 1 наурыз – Алғыс айту күні болып жарияланды. Бұл – өте бағалы бастама. Өйткені, біз әуелі, осыншама кең-байтақ жерді аман-етіп қалдырған бабаларымызға алғыс айтуымыз керек. Екіншіден – ұлтымның қалыптасқан үрдісін берік сақтап, осындай күнге

етеді, үміті арқылы көрген қиыншылығын ұмытады. Жамағаттың көңіліндегі осы сөз облыс әкімінің лебізімен тиянақталып, жұрт ризашылықпен қолдау білдірді.

Төменарық – Жаңақорған ауданындағы ірі елді мекеннің бірі. Дербес ауылдық округ болуымен қатар, осы айналадағы 5 елді мекен оны орталық са-найды. Алайда, осындағы екі мектептің бірі – №223 білім ордасы апатты жағдайдағы нысан болып сана-лады. Комиссия ғимаратты жаңалау жөнінде шешім шығарған-ды. Соған сай аймақ басшысы жағдаймен жете танысып, ауыл тұрғындарының өтінішін қанағаттандыруға тапсырма берген болатын-ды. Нақты кезеңде мектептің жаңа ғимараты үшін жер телімі бөлініп, құжаттары дайындалыпты. Барлық сметалық құжаттары әзірленген 300 орындық жаңа ғимараттың құрылысы жуырда басталуы



тііс. Екпінді ауылының ардагері Темірбек Өмірбеков, Төменарық ауылындағы ардагер-ұстаз Тұрдыбек Мықтыбаев тұрғындар атынан бастамаға алғыстарын ай-тып, бата берді. Темірбек ақсақал ақ жүрегінен ақтарылып: – Облысымыз кеңінен өркен жайып келеді. Жуырдағы есеп беруімізді теледидардан мұқият тыңдадық. Атқарылған жұмыстар өте көп екен, бұл сәтті істер тұрғындарды аса қуанышқа бөледі. Сенімдімізді нығайтты. Сіздің Сырлы сол жағалауынан жаңа қала тұрғызбақ мақсаттағы талабыңызға қуанамыз. Біз бір кездері ел астана-сы болған Қызылорданың еліміздегі басты қалалар секілді жайнай түскендігіне марқамыз, құлшына еңбек ететін боламыз, – дегені көп көкейіндегі сөз еді. Осы ауылдың тұрғыны, украин қызы, Темірбек Елеуұлының «Білектің емес, біліктің заманы туды, жас ұрпақ» деген Абайлаханнның өсиетін еске алуы, «Әсемпаз болса әрнеге, өнерпаз болсаң арқалаң...» деп басталатын Абай өнересін тілге тиек етті. Елбасының «Келешектің кілті – білім» атты ұлағатын сөзін жастардың есіне қайта салуына аға ұрпақ өкілдері ой түйді. Өйткені, қай ата-ана болса да, балаларының болашағы жарқын, келешегі кемел болуын армандайды, сол жолда еңбек

жеткізген аға-апаларымызға алғыс айтуға тиіспіз. Болашақтың кепілі – білімді ұрпақ тәрбиелеген ұстаздар қауымына мың алғыс. Жалпы, осындай жар-қын күнге жеткізген, Елбасы Ту етіп көтеріп отырған «Мәңгілік Ел» идеясын алға апаруға мүмкіндік бер-ген тағдырымызға рахмет айтамыз, – деді.

Қырымбек Елеуұлының «Білектің емес, біліктің заманы туды, жас ұрпақ» деген Абайлаханнның өсиетін еске алуы, «Әсемпаз болса әрнеге, өнерпаз болсаң арқалаң...» деп басталатын Абай өнересін тілге тиек етті. Елбасының «Келешектің кілті – білім» атты ұлағатын сөзін жастардың есіне қайта салуына аға ұрпақ өкілдері ой түйді. Өйткені, қай ата-ана болса да, балаларының болашағы жарқын, келешегі кемел болуын армандайды, сол жолда еңбек

жеткізген аға-апаларымызға алғыс айтуға тиіспіз. Болашақтың кепілі – білімді ұрпақ тәрбиелеген ұстаздар қауымына мың алғыс. Жалпы, осындай жар-қын күнге жеткізген, Елбасы Ту етіп көтеріп отырған «Мәңгілік Ел» идеясын алға апаруға мүмкіндік бер-ген тағдырымызға рахмет айтамыз, – деді.

Қырымбек Елеуұлының «Білектің емес, біліктің заманы туды, жас ұрпақ» деген Абайлаханнның өсиетін еске алуы, «Әсемпаз болса әрнеге, өнерпаз болсаң арқалаң...» деп басталатын Абай өнересін тілге тиек етті. Елбасының «Келешектің кілті – білім» атты ұлағатын сөзін жастардың есіне қайта салуына аға ұрпақ өкілдері ой түйді. Өйткені, қай ата-ана болса да, балаларының болашағы жарқын, келешегі кемел болуын армандайды, сол жолда еңбек





– Жазира Жақсылыққызы, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру реформасының қоғамға пайдасын, жаңадан құрылған министрліктің мақсатын айтып өтсеңіз...

– Ұлт жоспарының ең басты алғышарты экономикалық бағдарламалар мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапалы іске асырылуын қамтамасыз ететін, халық мүддесіне қызмет ететін мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге арналады. Мұндай мемлекеттік аппарат мемлекет пен ұлттың ұзақмерзімді мүдделерін басшылыққа алады.



Елбасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігін, оның құрамында – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросын құру турасында «осылай-ша мемлекеттік қызметтің ғана емес, сонымен қатар барынша сыбайлас жемқорлық көріністерін ескертуге бағдарланған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі де жаңғыртылды» деп атап өтті.

– Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң бекіткен өзгерістер қандай?

– «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы осы жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енді. Бұл елімізде мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастыру кезеңі бастау алғанын білдіреді. Заңдарды әзірлеу кезінде Германия, Сингапур, Малайзия, Ұлыбритания, АҚШ, Оңтүстік Корея және т.б. сияқты алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі ескерілді. Заң ашық конкурстық іріктеуді қамтамасыз етуге, біліктілік негізінде мансаптық өсуге, мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауға бағытталған. Мемлекеттік қызмет жүйесінде тамыр-таныстық, ағайынға бұрушылық және қамқоршылыққа жол беретін шарттарды барынша жоюға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, бұл қоғам талаптарына толық сәйкес келеді.

– Мемлекеттік қызметке алғаш рет келгендер қандай кезеңдерден өтуі қажет?

– Мансаптық модель аясында мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушылар кәсіби қызметтерін тек төменгі сатыдан бастайтын болады. Бұл үшін олар мынадай айналым сатыларынан өтеді: заңнаманы білуден тәстілеу; жеке қасиеттері мен негізгі құзыреттерін бағалаған уәкілетті органның қорытындысы; мемлекеттік органда бейінді білімі бойынша конкурстық әңгімелесу.

Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет кірген азаматтарды, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметке оны тоқтатқаннан кейін қайтадан кірген мемлекеттік қызметшілерді олардың атқаратын мемлекеттік лауазымдарына сәйкестігін тексеру үшін сынақ мерзімі белгіленеді, яғни алғаш рет қабылданушылар үшін міндетті сынақ мерзімі белгіленеді.

Олар үшін белгілі бір дағдыларды білу талаптары мен сынақ тапсырмаларын қамтитын 3 айға жеке бейімделу жоспары жасалатын болады. Жеке бейімделу жоспарын орындаушыға көмектесу мақсатында тәжірибелі қызметкерлер арасынан тәлімгер бекітіледі. Жоспарды орындау нәтижелері жанадан қабылданған мемлекеттік қызметшінің басшылығымен бағаланады.

Егер жоспар орындалмаса, мемлекеттік орган басшысы бейімделу жоспарын қайтадан орындауға мүмкіндік беріп, оны тағы үш айға ұзарту не болмаса босату туралы шешім қабылдауға құқылы болады. Ұзартылған үш ай сынақ мерзімінде де теріс нәтиже көрсетсе, мемлекеттік қызметші міндетті түрде босатылады. Бұл ретте, жұмыстан босату Министрлігімен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

– Мемлекеттік қызметшінің мансаптық өсуі қалай жүзеге асырылады?

– Мемлекеттік қызметшінің қызметтік жоғарылауы онтайландырылған тәртіппен және қысқа мерзімде ішкі конкурс арқылы жүргізіледі. Ішкі конкурс екі кезеңді қамтиды. Біріншісі бос қызмет орнын толықтыратын мемлекеттік орган ішінде қызметкерлер арасында іріктеуді көздейді. Мемлекеттік орган ішінде ыңғайлы үміткер болмаған жағдайда, екінші кезең жарияланып, онда барлық мемлекеттік органдардың қызметкерлері арасында іріктеу жүргізіледі. Конкурстарға төменгі қызметтерде жұмыс тәжірибесі бар мемлекеттік қызметшілер қатысуға құқылы болады.

Ішкі конкурс өткізу туралы хабарландырулар

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру басым бағыттардың бірі болып белгіленген. Өткен жылдың соңына таман құрылған Мемлекеттік қызмет істері министрлігі, оның құрамындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы мемлекеттік аппаратты жаңғыртудағы маңызды қадам ретінде бағаланып отыр. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігі облыс бойынша департаментінің басшысы – Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Жазира Жылқышыевамен болған сұхбат осы саладағы реформаларды түсіндіруге бағытталды.

мемлекеттік органның және Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің интернет-ресурстарында ғана жарияланатын болады. Оларды өткізу мерзімі екі еседен астам қысқартылады (бұрын ол кем дегенде 25 жұмыс болса, қазір 7-ден 10 жұмыс күніне дейін). Ішкі конкурста да кандидатура анықталмаса, Министрлікпен немесе оның аумақтық департаменттерімен келісіп, жеке немесе квазимемлекеттік секторда салыстыруға келетін еңбек өтілі бар азаматтардың арасында жалпы конкурс өткізілуі мүмкін. Бұл дегеніміз, енді әрбір мемлекеттік қызметші үшін өзін көрсетуге барлық мүмкіндік бар және сәйкес құзыреттілігі болған жағдайда талаптанған лауазымға тағайындала алады.

Жаңа Заңға сәйкес «Б» корпусының кадрлық резерві институты және саяси қызмет хатшылығы

## КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

### ел мүддесіне қызмет етеді

– көмекшілер, кеңесшілер, баспасөз хатшыларынан бөлек, ағымды ауыстыру тетігі жойылды. Өткен жылы, яғни жаңа Заң қолданысқа енгізілгенге дейін «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алынған азаматтары қызметке бір жылдық мерзімі өткенге дейін конкурс өткізілмей тағайындалуы мүмкін.

– Мемлекеттік қызметшілерді ротациялау тәртібінде қандай өзгерістер бар?

– Бүгінде «Б» корпусының басшылық құрамын ротациялау институты енгізілуде. Ротациялаудың тәртібі мен шарттары Президент Жарлығымен айқындалатын болады. Басқа өңірге ротацияланған мемлекеттік қызметшілер жекешелендіру құқығынсыз қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

– Өзгертілген тәстілеу форматының ерекшеліктеріне тоқталсаңыз...

– Мемлекеттік қызметке іріктеуде білім, дағды және іскерлік маңызды. Бірінші бағдарлама – 135 сұрақтың кем дегенде 95-не, екінші бағдарлама – 120 сұрақтың кем дегенде 72-не, үшінші бағдарлама – 90 сұрақтың кем дегенде 45-не, әрбір нормативтік құқықтық акт бойынша кем дегенде 5-іне дұрыс жауап беру керек.

Заңнаманы білуге арналған тәстілеуден өту барысында шекті мәннен жоғары нәтиже көрсеткен кандидат 20 минуттың ішінде автоматтандырылған жеке қасиеттерін бағалау тәстілеуіне жіберіледі. Автоматтандырылған жеке қасиеттерін бағалау шеңберінде кандидаттардың даму деңгейлері, атап айтқанда, жігерлілігі, коммуникативтілігі, талдамалылығы, ұйымдастырушылығы, мінез-құлқы, сапаға бағдарлануы, тұтынушыға бағдарлануы және сыбайлас жемқорлыққа шыдамсыздығы анықталады.

Заңнаманы білуге арналған тәстілеу нәтижелері бойынша сертификат, жеке қасиеттерін бағалау нәтижелері бойынша қорытынды беріледі. Олар бір жыл ішінде қолданылады және мемлекеттік органдармен әңгімелесу нысанында өткізілетін үшінші сатыға – жалпы конкурса қатысу құжаттарының ажырамас бөлігі болып табылады.

– Кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін басқа қандай шаралар қолданылады?

– Мансаптық модельдің ашықтығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жоғарыда көрсетілген іріктеу тетіктерімен қатар, шетелдік менеджерлерді тарту да ұсынылды. Олар Кадрлық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның шешімімен келісім-шарттық негізде жалданып жұмыс істейді және арнайы тексеруден өтетін болады. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби шеберлігін дамыту үшін кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыру заңды түрде бекітіледі.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілерді өзекті және тиімді оқытуды қамтамасыз ету үшін қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламалары тәжірибеге енгізіледі.

– Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі туралы айтып берсеңіз...

– Мемлекеттік қызмет жүйесінде еңбекақыны белгілеу тәртібі де өзгереді. Еңбекақы төлеудің факторлық-балдық шкаласына көшу жобалануда. Факторлық-балдық жүйе мемлекеттік қызметшілерге еңбегіне сай әділ жалақы алуына мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілерді жұмыста ынталандыру үшін, яғни мемлекеттік қызметшілердің нәтижелі жұмысын тұрақты бағалап, бонустар төлеп отыру енгізіледі. «Б» корпусы қызметшілерінің жұмыс сапасы олардың жылдық жеке жоспарлары негізінде бағаланады. Осындай бағалаудың нәтижесі бонустар төлеуге негіз болады.

Бұл үшін міндетті түрдегі саралау тәсілі, яғни бағалау қорытындысына байланысты

топтарға бөлінген қызметшілердің тізімін жасау қолданылады. Аталған тәсілдерді жүзеге асыру 2018 жылға қалдырылды. Бұл шаралардың бәрі мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын әділ және лайықты деңгейде болуын қамтамасыз етуге, бәсекеге қабілеттігін күшейтуге бағытталған.

Зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаларды саяси қызметке қабылдауға шектеу және аяқтау тәртібі қатаңдатылуда. Бұл ретте өкілет мерзімі Конституция мен заңдарда айқындалған саяси қызметшілерге жас мөлшері бойынша шектеу таралмайды (мысалға Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитетінің және т.б. төрағасы мен мүшелері).

Өзге жағдайларда, зейнет жасына жеткен тұлғаларды саяси лауазымға тек Президент қана тағайындайды. Президент тағайындайтын

саяси қызметшілер зейнет жасына толғанда өз өкілеттіктерін атқаруды Президенттің шешімі бойынша бес жылға дейінгі мерзімге созады.

Зейнеткерлік жасқа жеткен мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызмет атқару мерзімі бір жылға ғана ұзартыла алады. Бұл ретте, 2015 жылдың соңына дейін келісім-шарт жасасқан зейнеткерлер, мемлекеттік қызметтегі жұмысын мұндай шарттардың мерзімі аяқталғанға дейін атқаруға құқылы.

Аттестаттау тәсілдері де қайта қаралды. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестаттау тәртібін, оның мерзімдерін және аттестатталатын мемлекеттік қызметшілердің санаттарын айқындайтын Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша өткізіледі. Ұлттық комиссия жасаған тәсілдерге сәйкес аттестаттау 2016 жылдан кейін жүргізіледі.

– Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі туралы әңгіме қозғасақ. Елімізде қабылданған жаңа Әдеп кодексінің талаптары күшейтілді ме? Мемлекеттік қызметшілер әдебі қандай болуы қажет?

– Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен мемлекеттік қызметтің құндылықтары мен қағидаларын бекітетін, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы мінез-құлық стандарттарын айқындайтын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты ескертудегі басты құрамдас болып табылатын «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі» қабылданды.

«Әдеп кодексінде» «Ар-намыс кодексіне» қарағанда мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы, қызметтік қатынастардағы, сондай-ақ, көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары кеңінен айқындалған және талаптары күшейтілген.

– Бұған дейін қызмет атқарған Тәртіптік кеңестердің жұмысы одан әрі жалғаса ма?

– Тәртіптік кеңестердің орнына енді Әдеп жөніндегі кеңестер жұмыс жасайтын болады. Кеңестердің негізгі қағидалары мен міндеттері сақталған. Кеңестер мемлекеттік қызметшілерді жазалауға ғана емес, сонымен қатар алдын алуға және құқықтық тәрбиедеуге бағытталған. Мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік органдардың басшылары мен өзге де адамдар Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері бола алады.

Әдеп жөніндегі кеңестер қызметтік әдеп нормаларын бұзуға, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын қалалардың әкімдеріне, облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссияларының мүшелеріне, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдеріне қатысты тәртіптік істерді қарайды.

Атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда (құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда), облыс әкімдерінің аппараттарында Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы енгізіледі. Оның функциялары ұжымда кадрлік және құрметке ие болған мемлекеттік қызметшіге жүктеледі. Әдеп жөніндегі уәкіл қызметін өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші атқара алады.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Гүлжазира ЖАҒАСОВА.

## ЫНТЫМАҚ БИІККЕ ШЫҒАРАДЫ



Бір ғана Жанақорған ауданында бұрыннан күсірт қышқылы зауыты жұмыс істеп тұрса, енді «Шалқия» кеніші жанына кен байыту комбинаты іске қосылады. Сол секілді, қытайлықтармен бірлескен томат пастасы орталығы, германдықтар қолға алатын күн сәулесінен қуат алу станциялары саланы табысты етеді. Міне, осы өндіріс орындарында өзіміздің жастар қызмет жасауы керектігін, оған осы бастан тың қадамдар жасалып жатқандығын айтаы.

Манап ауылы – тау бөктеріндегі елді мекен. Оның жоғары жағында табиғи су қоймасы орын тепкен. Жауын-шашын мол болған биылғы жылы қоймаға 1,8 млн текше метр су жиналды. Оның айналасын қоршап, сыйымдылығын арттыру бағытында жұмыстар жүргізілсе,

Бұл өз кезегінде етектегі елді мекендердің ала жаздай бау-бақшасын суаруға мүмкіндік берері анық. Яғни, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтып, әлеуметтік жағдайын көтеруге жағдай туалы деген сөз. Тоғанға ат басын бұрған облыс әкімі тұрғындар өтініштеріне орай тиісті мекеме басшыларына тапсырма берді. Үлкен жолдан қиыстау жатқан ауылдың бірі – Аққұм. Трассадан тіке тартылған 12 шақырым жол қыс айларында тіптен қиындайды. Бұл тілекті де назарға алған аймақ басшысы қаржылық жағдайға байланысты бюджеттен қол сузудың мүмкіншілігі жоқтығын еске салды. Алайда, іргелі мекемелер арқылы тас жол салып беруге жұмыс жүргізілетіндігін жеткізіп, ауыл тұрғындарын бір қуантты.

Сәскеде Аққорған ауылына табан тіреген облыс басшысы осындағы 2004 жылы салынған №266 мектептің қазіргі талапқа сай келмейтіндігінен хабардар екендігін айтып, биылғы жылы жаңа мектеп ғимаратының салынағандығын жеткізді.

– Өзіміздегі мәліметтен Түгіскен ауылы халқының саны жағынан ауданда бірінші орынға шыққанын білеміз. Мұнда қазір 4500-дей адам тіршілік етеді. Яғни, бала өсімі жылдан жылға молай-



ып келеді. Демографиялық өсімді ескеріп, елдің келешегі үшін қызыл жасамыз, - деді. Яғни, мектеп құрылсын жұмрда басталып, күзге қарай ауыл балалары 300 орындық жаңа мектеп партасында отыратын болады.

Үлкеннен ілтіпай, кішіден ізет – ұлтымыздың баға жетпес ерекшелігі. Бұл дәстүрді үнемі сақтайтын Қырымбек Елеуұлы осы ауылдағы 101 жасқа келген Ұлы Отан соғысының ардагері Жүніс Кабетеновтің отбасына соғып, сәлемдесті. Жағдайын біліп, естелігін тыңдады.

Аймақ басшысы Қожақент ауылының тұрғындарымен кездесуде алдымен ақсақалдармен аман-дасып, өтініш-пікірлеріне зейін аударды. Осы ауылдағы №168 И.Әбдікәрімов атындағы мектептің күрделі жөндеуіне 78 млн теңге, ал мәдениет үйін жөндеуге 33 млн теңге бөлініп, жуық арада құрылыс жұмыстарының басталатындығын айтып. Өз кезегінде еңбек ардагері, «Құрмет» орденінің иегері Әсет Жиенкожаев ауылдастары атынан қамқорлығы үшін облыс әкіміне алғысын білдірді.

Аудан орталығына қайта айналып соққан облыс әкімі кентті «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолымен байланыстыратын «Хорасан ата» көшесінің қайта жөндеу, абаттандыру жағдайымен танысып, аудан әкіміне тиісті тапсырмалар берді.

Шіелі ауданына түстен кейін жолы түскен аймақ басшысы Қ.Көшербаев Керделі ауылдық округіндегі Н.Бексезанов мемориалдық өнер музейіне жасалған күрделі жөндеу жұмыстары жөнінде мамандар пікіріне құлақ түрді. Ол үшін облыстық бюджеттен 33 млн 910 мың теңге қаралып, құрылысты «Айдана» ЖШС жүргізді. Қазіргі таңда музей ішіне экспозиция жұмыстары жасалауда.

Сапар аясында облыс әкімі «Көкшоқы» шағын ауданындағы «Арман» мәдениет үйінде ақсақалдармен кездесті.

Ал Бестап ауылында ауылшаруашылық саласының басшылары бас қосқан екен, биылғы егіске сақалай сай әзірлік жөнінде аудан әкімінің орынбасары Тұрмат Жағыпаров есеп берсе, «Ақмая» шаруашылығы басшысының орынбасары Асқар Жұмаділ былтыр банк кеңілдігіне тұрған 5 шаруашылықтың 22 мың гектар жерін қайтаруға ықпал еткен облыс басшысына алғыс айтып, биыл сенімді түрде егін егуге ыңғайындығын, шаруашылықтарға қажетті түрлі келісімшарттар жасауға мүмкіндік туғанына қуанышын білдірді.

Ауыл ақсақалдары өз орталарына келген облыс басшысына ізгі тілектерін жеткізіп, алғыстарын білдірісіп жатты. Айта кетейік, соңғы бірер жыл көлемінде мұнда жаңа типті мектеп, әкімшілік кеңсесі, мешіт іске қосылды.

Телікөл ауылындағы кездесуде де тұрғындар көп мәселеге қанықты. Бірер жыл өтініш етіп айтылған Ә.Тәжібаев мектебінің екі қабатты жаңа ғимараты үшін бөлінген 638 млн теңге қаржы «СМП Қызылода» ЖШС арқылы игерілуде. Кабырғалары тұрғызылған құрылыс оқу жылының соңына дейін пайдалануға берілу тиіс. Мұнда қазір қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Аймақ басшысының бір күндік сапарының мәні – ел тұрғындарының жаңа арманына қарай қажындау, бес институционалды реформаны жүзеге асыру мақсатындағы Ұлт жоспары – «100 нақты қадамның» кей екендігін көрсетті.

Облыс әкімінің сапары кезінде аудан әкімдері Р.Пүстөмов пен Қ.Сәрсенбаев бірге болды.



Нұрмахан ЕЛТАЙ.  
Жанақорған, Шіелі аудандары.

## КЕҢЕСТІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Кеше Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің алғашқы отырысы өткізіліп, онда екі мәселе қаралды.

Кеңес отырысын ашқан департамент басшысы – Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Жазира Жылқышыева Елбасының 5 институционалды реформасындағы ең бірінші реформа кәсіби мемлекеттік аппаратты құру екенін еске салып өтті. Соған байланысты «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» жөндеу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары, Әдеп кодексі қабылданды. Елбасы Жарлығымен ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі, оның аумақтық департаменттері құрылды. Ж.Жылқышыева сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №156 санды Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, Астанадағы Әдеп жөніндегі кеңестер туралы» Ережесі және ондағы көзделген жаңа міндеттерге кеңінен тоқталып өтті.

Әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеті – сыбайлас жемқорлықтың және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік

теріс қылықтардың алдын алу болып табылады.

Мұнан кейін департамент басшысы кеңестің жаңа мүшелерін таныстырды. Әдеп жөніндегі кеңес мүшелігіне қоғамдық ұйымдар басшылары, облыстық мәслихат депутаты, облыс әкімі аппаратының басшысы, тексеру комиссиясы, әділет департаменті, кәсіпкерлер палатасы мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кірді.

Кеңестің күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Берікбол Байқожаев кеңес мүшелерінің назарына Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің 2016 жылдың 1 жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарының жобасын ұсынды. Кеңес мүшелері ұсынылған жоспарды талқылап, өздерінің кейбір түзетулерін енгізгеннен кейін бекітілді.

Екінші мәселе бойынша Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің 2016 жылдың 1 жартыжылдығында жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі қаралып, бекітілді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



№19 “Теміржол” сайлау округі бойынша облыстық мәслихат депутаттығына кандидат АРЫСБАЕВ АМАНКЕЛДІ ҚОНЫСБАЙҰЛЫ ӨМІРДЕРЕК



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Күрметті сайлаушылар!**  
Биылғы сайлау мен үшін өте маңызды. «Ерім деген елі болмаса, елім деген ері қайдан болсын» деген аталы сөзі ұстана отырып, Алаштың Асынан атанған Сыр елі халқына саналы өмірді қызмет етуге арнаулы енттім еттім. Бұл қадамымды мен азаматтық парызым деп есептеймін.  
Дала заңы бойынша атқан балаға мұра болып келе жатқан жасампаз дәстүрімізге сай әр азаматтың арман-мақсаты елінің даңқына асақатту болса, осы жолда мен де бойдағы қайрат-жігерімді, білімді, өмірден жинақтаған тәжірибемді елімнің игілігіне жұмсағым келеді.  
Халықтан биік сұхым жоқ. Ниятімді Сіздерей халықам қолдап, алдағы мақсатым биліктегі халықтың өкілі – қалаушысы болсам, өз мүмкіншіліктерімді толық пайдаланып, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешуге атсалысуды мәртебелі міндетім деп санаймын.  
Халықтың қалаушысы болу – билік пен мансапқа бүй өрес емес, ел ішіндегі қордаланған кезек күттірмес мәселелерді байланып шешуге белсенді аталысу. Мен үшін мақсат айқын, ол – Сіздерей халқыма қызмет ету!  
Сыр елі халқының әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайын жақсартуға арналған қолдауыстағы жаңалықтар шеңберінде дайындалған бағдарламаның жүзеге асуына өмірден жинақтаған барлық тәжірибемді пайдаланамын. Депутат болу – халыққа қызмет жасау, оның жақтаушысы болу, билік пен халық арасындағы дәнекер болу. Менің ұстанымым – «Елдің баласы бола алмаған, елдің ағасы да бола алмайды». Осы ретте төмендегі мәселелердің шешілуіне күш жұмсаймын.  
1. “Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық” атты “Нұр Отан” партиясының 2016-2021 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының орындалуына атсалысамын.  
2. Білімді ұрпақ – ел болашағы. Сайлауда түскелі отырған №19 округ аймағындағы мектептердің қазіргі заман талабына сай қайтадан күрделі жөнделуден өткізілуіне, оның материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы мәселелерді облыстық мәслихат сессияларына ұсынып, тиімді жұмыстар жасауға күш-жігерімді жұмсаймын.

Арысбаев Аманкелді Қонысбайұлы 1959 жылдың 17 қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облысының Балқаш ауданында қойбалық теміржолшы отбасында дүниеге келген. 1976 жылы осындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектепті бітірген соң, Алматы теміржол инженерлер институтына оқуға түсіп, 1981 жылы “Қызыл жолдары инженері” мамалығы бойынша бітірген бойда институттың арнайы жолдамасымен туған өлкесіне оралады.  
Еңбек жолын Шымкент бөлімшесіне қарасты Бадам станциясының кезекшісі қызметінен бастап, осы бөлімшенің поезд диспетчері, Шымкент бөлімшесіндегі поезд диспетчері, бөлімше кезекшісі, қоталық бөлімі бастауының бірінші орынбасары қызметтерін атқарады.  
Аманкелді Қонысбайұлының еңбекорынның, жауапкершілігі, адалдығын аңғарған басшылар 1993 жылы «Шымкент қорғасын зауыты» АҚ-ның цехының бастығы қызметіне тағайындайды. Одан кейін «Алматыжеледорэкспедиция» МК Шымкент филиалының директоры, Шымкент жол бөлімшесіне қарасты Шымкент станциясының бастығы, тасымал бөлімінің бастығы, Алматы жол бөлімшесі тасымал бөлімінің бастығы, тасымалдау, жүк және коммерциялық жұмыс басқармасы бастауының орынбасары, Түркістан темір жолының тасымалдау қызметі бастығының жұк жұмыстары жөніндегі орынбасары және бастығы. Шымкент жол бөлімшесінің жүк бөлімінің бастығы, «Жолаушылар тасымалы» ЕМК Шымкент үлескесінің бастығы, «Катрансервис» ЕМК Шымкенттегі «Ожынд» филиалының бастығы, Ташкент қаласындағы Орта Азиялық аймақта «КТЖ» МК өкiлдiгiнiң бастығы, «Келентранссервис» ЖАҚ Оңтүстік

филиалының директоры, Шымкент және Жамбыл жол бөлімшелері директорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарған.  
2013 жылдың 31 шілдесінен бастап осы уақытта дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Қызылорда жол бөлімшесі» филиалының директоры қызметін атқарады.  
А.Арысбаевтың теміржол саласындағы жауапты қызметі елді мекендердегі тұрғындармен тығыз байланысты. Ол өткен шақырылымда №2 сайлау округінен өз сайлаушыларының сенімінен иылып, елді мекен тұрғындарының тұрмыстық мәселелерін шешу бағытында біратар игі істер атқарды.  
Теміржол өндірісі саласында сіңірген еңбегі үшін «Адал еңбегі үшін» төбелісіне, ҚР «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медаліне, «Құрметті теміржолшы» белгісіне ие болды.  
2014 жылы «Қазақстан теміржолына 110 жыл» медалі, 2015 жылы «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медаліне лайықты деп танылады. Жыл басында «Ұлттық ұлан қызметінің үздігі» белгісімен, жыл соңында Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды.  
Отбасында үш баласы, бес немересі бар ұлағаты әкесі.  
Білікті де іскер басшы А.Арысбаев тұрмыс күйі төмен отбасыларына көрсеткен қайырымдылығы мен соғыс және еңбек ардагерлері арасында құрметтейтін азамат ретіндегі мол зиямет және “Нұр Отан” партиясының үзген сеніміне ие болған мүшесі ретінде кандидатурасын облыстық мәслихат депутаттығына ұсынып отыр.



ӨМІРДЕРЕК

Отсев Минжакхин 1957 жылы 11 сәуірде Қазалы ауданы Майдақол ауылдық Кенесінде (қазіргі Бекарыстан би ауылы) мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1963 жылы У.Түктібаев атындағы №24 орта мектебінің 1-сыныбына барып, 1973 жылы Жаңақазалы поселкесіндегі К.Сәтбаев атындағы №216 орта мектебін бітірген.  
Еңбек жолын 1973 жылы Жаңақазалы поселкелік коммуналдық шаруашылық мекемесінде слесарь болып бастаған. 1975 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтына түсіп, аталған оқу орнын 1979 жылы бухгалтер-экономист мамандығы бойынша аяқтаған. Осы кезеңнен 1984 жылға дейін Қазалы ауданындағы «Трансельхозтехника» автобазасында аға экономист, бас экономист, «Сельхозтехника» шаруашылық есептегі үлескесінде бас есепші, 1984-1992 жылдары Қазалы ауданының КОКП XXII съезі, Карл Маркс, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеңешарларында бас экономист, бас есепші қызметтерін атқарды. 1992-1996 жылдарда Қазалы ауданы салық инспекциясында бөлім бастығы, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Ленинск қалалық бөлімшесінің аға экономисі, бас есепшісі болып жұмыс істеген. 1996-1999 жылдарда «Наурыз» ЖШС, ал 1999 жылдың желтоқсан айынан осы уақытқа дейін «Сыр Маржаны» ЖШС директоры қызметін атқарып келеді.  
Отбасылы, бес бала тәрбиелеп өсірген.  
Ел экономикасын нығайтуға қосқан еңбегі бағаланып, ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін», «ҚР Конституциясына – 10 жыл», «ҚР Конституциясына – 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 10 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл» медальдарымен, бірнеше рет Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төбелігісімен, Қызылорда облысы мен Қазалы ауданы әкімдерінің Құрмет грамоталарымен және халықаралық сауда ұйымдарының дипломдарымен марапатталған.  
Отсев Минжакхин аудандық мәслихаттың үшінші, төртінші және бесінші шақырылымдарының депутаты болып сайланған.

№4 Сұлутам сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан облыстық мәслихат депутаттығына кандидат МІНӘЖАДИН ӨТЕЕВ

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

– «Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты бағдарламасын және осында тундайтын Елбасының «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт Жоспарын» іске асыруға аянбай атсалысамын;  
– «Нұр Отан» партиясының беделін одан әрі арттыру мақсатында партиялық қырағылықты арттыруға, дағдарысқа қарсы қабылданған үкіметтің іс-шараларын жүзеге асыруға күш саламын;  
– «100 нақты қадам» – Қазақстан Республикасының әлемдегі дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспардың 35-қадамына сәйкес өңірдегі ауыл шаруашылығы жерлерін суландыруға ықпал етемін;  
– «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің «Ойылды» бекетінің тұсында жоба-сметалық құны 602,0 миллион теңге құрайтын «В» санатты жол бойында қызмет көрсету кешенінің құрылысы үстеміздегі жылдың наурыз айынан басталуына байланысты құрылыс жұмыстарына 18 адам тарту, келесек жергілікті тұрғындардан 34 адамды тұрақты жұмыспен қамту қарастырылады;  
– «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» аясында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, осы арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында №4 Сұлутам сайлау округіне қарасты елді мекендердің тұрғындарына қабылданған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жеңілдетілген несие алуларына көмек көрсету;  
Оқуруттегі ауылдар мен Өйтеке би кенті ішіндегі көшелерге және елді мекендерге дейінгі жолдарға орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бюджеттен қаржы бөлулі қарастыру. Жалантос батыр ауылында 150 орындық клуб құрылысын бастауға облыстық бюджеттен қаржы бөлгізуге және осы ауылдағы басталып кеткен балабақша құрылысын сапалы аяқтауға, «Водокачка» елді мекеніне кіреберіс 7 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жұмыс жасау;  
– Басықара ауылынан 90 орындық балабақша құрылысын салуды биылғы жылы бастауға және Жалантос батыр, Басықара елді мекендерінің тұрғын үй шекараларына дейін ауызсу құбырын жеткізіп беруді жеделдету мақсатында қажетті қаржы бөліруге ықпал ету;  
– 2016 жылы Сырбұлақ ауылдық округіндегі «Сырбұлақ» каналына су тоспасын салуға және 3 шақырым канал қауға облыстық бюджеттен қаралған 75,3 млн. теңге қаржыны игеруге байланысты осы құрылыстың басталуын және сапалы, мерзімде аяқталуын бақылауға алу;  
– Өйтеке би кентінің жана тұрғын кварталдарын электрмен қамтудың 3-кезегін жүзеге асыру мақсатында әзірленген жоба-сметалық құжаттарға сәйкес тиісті орындар арқылы қаржы бөліруге ықпал ету;  
– Өйтеке би кенті аумағының жаңа тұрғын кварталдарын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында Өйтеке би-Басықара автожолы бағытында 56 гектар жер көлеміне әзірленген түбегейлі жоспарлау жобасы бойынша дайындалған жоба-сметалық құжаттарға сәйкес құрылыс жұмыстарын қарқындыруға ықпал ету.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!!!

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕН ӨЗІҢІЗДІ НАҚТЫЛАҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ:

– WWW.SAILAU.ORDA.GOV.KZ  
ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮГІНЕ АЛАСЫЗ.  
– CALL-ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ  
400-200 ТЕЛЕФОН НОМЕРІНЕ БАЙЛАНЫСА АЛАСЫЗ.

ОЛ ҮШІН БАР БОЛҒАНЫ ӨЗІҢІЗДІҢ ЖСН-ді БІЛСЕҢІЗ ЖЕТКІЛІКТІ!

сіздің дауысыңыз маңызды!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙПАУ



ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӨЗІНДІ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕН ТАП! НАЙДИ СЕБЯ В СПИСКЕ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

www.sailau.orda.gov.kz



«Шалқия» кеншіндегі мырыш пен қорғасын өндірісінің қайта жандануы ол уақыттың еншісіндегі нәрсе. Оны осы жердегі атқарылып жатқан жұмыстарды көргенде анық сезінесің.

ШАЛҚИЯ ҚАЙТА ШАЛҚИДЫ

– Бұл жерде вахталық әдіспен Қазақстанның әр түркіірінен келетін 500 адамның жұмыс істейтін болды. 240 орындық бір жатақхана өңірі дайын. Әкімшіліктің тұрмыстық кешенінің жаңа ғимаратындағы жөндеу жұмыстары біткеннен кейін ескі ғимаратта тағы да 260 орындық жатақхана құрылады. Жаңа ғимарат деп отырған нысанымыз сонау кенестік кезеңде салынған. Алайда, аяқталмай қалған болатын. Бітіруге сал ғана қалғанда қаржы жетпей қалды. Бірақ, сол уақыттан бері бұл ғимараттағы ескі ғана қалған жұмыс көлемі ұлғая түскен еді. Ақырында уақыт өте келе, ауқымды жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туыды.  
Кейбір ғимараттар тікелей мақсаттағы өзінің екінші өмірін бастайды, – дейді бізге жолбасшы болып жүрген Нәкен, – ал енді біреулері өзінің бағытын мүлде өзгертеді. Мәселен, мына жерде үлкен автобазға арналған жылы аңғар болды. Ғимарат жасын сақтағаннан, әйтсе де кенді тасымалдайтын технология және басқа да операциялар үшін енді үлкен автопарктің қажеттілігі жоқ. Сондықтан, бұл жерде спорт кешенін жасауды мұндай кәсіпорындардың футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын және теннис кортын жасақтауға мүмкіндік берді. Сонымен қоса, шағындау бассейні болды. Осылардың бәрі жасалып жатқанын өздеріңіз көріп отырысыздар, жақында түгелдей дайын болды.  
Кеншілер кенті Шалқияда, дәлірек айтқанда, Құттықожа ауылында (шыңдығында екеуі бір елді ме-

кен) бес үй салынып бітіпті. Жетекші мамандарға арналған тағы алты үй де жақын арада пайдалануға беріледі. Ал қазіргі уақытта кенттің кайырап бес қалған бірнеше бес қабатты үйлерді қалай және кімнің есебінен қалпына келтіру мәселелері қаралауда.  
Бірден айта кетейік, «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ және «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы бәсекеге қабілетті кәсіпорыны құруды мақсат тұтып отыр. Сондықтан, қажетсіз активтерді көбейтпейді. Басқаша айтқанда, «Жаңақорған-Шалқия» автожолы, тұрғын-үй кешенін жаңғырту және басқа да инфрақұрылымдық жұмыстарға арналған шығындар өзге қаржы көздерінен бөлінуі тиіс. Жоғарыда айтылған бес қабатты үйлерді тұрғын-үй кешенін жаңғырту бағдарламасы шеңберінде қалпына келтіруге болады.  
«Самұрық-Қазына» құрылымдары туралы әңгіме қозғалғанда, олардың мемлекет қаржысымен (Ұлттық әл-ауқат қоры) құрылатыны түсінікті. Өйтсе де, біздерге, аймақ тұрғындарына, мұндай кәсіпорындардың нағыз бизнес ақуласы болып шыққаны тиімді. Жұмыс орындары, бюджетке түсетін салық,



инженерлік-техникалық қадрлар ұстаханасы – міне, бізге керекті осы, керісінше, қайдағы бір тау-кен коммуналдық кенесі емес.  
Бүгінгі күні «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ басқармасы әлемдік түсті металдар рыногының құлдырауы және тұрақты кезде де жұмыс жасай алатын кәсіпорыны құру бағытында қолдан келгеннің барлығын істеуде. Сондықтан да бағаның кез келген жағдайында бәсекеге қабілетті болу үшін, қандай кәсіпорыны құру және қандай технологиялар қолдануды түсіну мақсатында мырш пен қорғасындын әлемдік рыногы егжей-тегжейлі сарапталуда.  
АҚ басқармасына өзінің ісін теріс жасық білетін, қолға алған жұмысын терен түсінетін Қазақстанның әр түркіірінен жиналған мамандар кіреді. Басқарма төрағасы Болат Рамазанов – Мәскеу тау-кен институтының түлегі. «Қазатомөнеркәсіп», «Қазхром» және басқа да кәсіпорындарда бас инженер қызметінде болған. Тәжірибесі мол. Айтпақшы, ол әкесінің жолын жалғастырушы. Әкесі Мінайдар Рамазанов талантты инженер және тәжірибелі басшы ретінде жақсы танымал, кезінде Қазақ ССР Түсті металлургия министрінің орынбасары қызметін атқарған. Сондай-ақ, кәсіпорының бүгінгі бас геологы Юрий Пирмахановтың әкесі – Ашот Пирмаханов осы кенттің алғашқы ашушылардың бірі. Демек, Шалқияда Қазақстан мүддесін көздейтін отбасы династияларының өкілдері де бар.  
Болат Рамазановпен әңгіміміз ұзақ созылмаса да, мазмұнды болды.  
– Өткен дағдарыс кезеңінде (2008-2009жж) кәсіпорының тоқтап қалуына дайын өнімнің (концентрат) өндірісі қиынырақ болды. Біздің кеннің құрамындағы мырштың үлесі бар болғанын төрт пайыз ғана. Сонда жөнелткен жүз вагонның 96-сы текте тасымалданып болып шығады. Міне, сондықтан да кеніштің дәл өзіне кен байыту фабрикасын салуды мақсат тұттық. Бұл жерде өндірілетін мырштың концентраты осы металдың елу пайыздық құрамы болып саналды. Оған қорғасындың концентратын қосыңыз. Осыдан келе, теміржолмен тасымалдау көлемі шамамен отыз есе азаяды.  
Басқарма төрағасы қондырғылар дайындауға әлемнің үздік өндірісшілеріне тапсырыс берілгенін жеткізді. Байыту фабрикасы бойынша І ермания, Финляндия компанияларына, ал тау-кен кеніші бойынша Швеция мен Финляндия компанияларына тапсырыстар берілген. Қосымша қондырғылар Қытайдан жеткізіледі.  
Барлық жобалық жұмыстарға Қазақстанның осы саладағы үздік ойлы өкілдері тартылып, олардың ғылыми зерттеулері пайдаланылуда. Үйлестіру, жасарту, оңтайландыру процестері тоқтаусыз жүруде. Осы кезеңде бұған дейін қабылданған қандай да бір жасай шешім бірден өзгертіледі, егер одан үздік шешім табылған жағдайда. Бұл енді нағыз дұрыс шешім.  
«Шалқияның» бұрынғы даңқы қайта оралып, «шалқитын» кезі де алыс емес. Ең бастысы, облыс өнеркәсібінің қойбасын кәсіпорының тіршілігі қайта жанданып, адамдарға жұмыс, халыққа игілік әкелемек.

Бдырыс ТӘЖІҮЛЫ. Игорь ТИТЕНКО (сурет).

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



# 4 ТҰЛҒАТАНУ

**Ел Тәуелсіздігінің 24 жылдығы қарсаңында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі еселі еңбегі, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі, халықтар достығын нығайтудағы белсенділігі үшін облыстың бір топ азаматтары марапатталғаны белгілі. Бұл қатарда Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның ордасы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Б.Кәрібозұлына «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Осыған орай белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, әріптесіміз жөнінде ой толғауды жөн санадық.**

Әр дәуірге өзіндік идея, жол-жосын, өмір-өшпemi тән. Әлемдік тарих осылай дейді. Ал, кандай да бір дара тұлғаны қажеттілігіне сай дәуірдің өзі тудыратыны, мінез-құлқын, бітім-болмысын қалыптастыратыны, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар шыққандарын бетке ұстап, беделін көтеретіні табиғи нәрсе. Сол сандақ тұлғалар халқының мүддесін қорғап, мақсат-мұратын іске асыру жолында ақыл-ойын, білім-білігін, күш-жігерін, қажыр-қайратын аяған емес. Яғни, мойнына артылған жауапкершілік жүтінің ауырлығын айқын сезінген бұл пассионарлар, туған халқының көшіп өркеннет өрісіне қарай бас-тай білді.

Қазақ кара сөзінің көсегесін көгертіп, ұлт руханиятының жасампаздығына олжа салған, адалдық пен пәктікті азаматтық арына ту ете білген Бөкендей зиялы азамат бұрынғы өткен ғасырларда өмір сүрсе, қоғамдағы орны мен

рияларда түсіндіруден әсте жалықпайды. Бұл тұрғыда филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың сонау 1950 жылдары ғылыми айналымға енгізген дәлелдемесіне сүйенеді.

Бөкен кімнің болса да сөзін бөлмей, зейін қойып тыңдай біледі. Аталған қасиетті зиялыларымыздың көпшілігіне тән деп айта алмаймыз. Қалай десек те, көп сөйлеген көп білгенді емес қой.

Бөкен сөздің қасиет-қиесінен қорқады. Әрбір отбасында мерейлі де азалы сөттер болып тұратыны қандай шындық болса, сондай сөттерге арналған шараларды халықты көп жинап, мейрамханаларда өткізу үрдіске айналғаны да рас. Бөкеннің әлігіндей жиындарды басқарғанын көріп қаламыз. Жиыннан соң Бөкеннің онашада ойға шомып отырғанына бірнеше рет куә болдым. Бірде себебін сұрағанымда: «Үлкендердің немесе

тына адал бола білді. Біздің Бөкен де санала түрде ғылымның ауыр да қызықты жолын таңдады дей аламыз. Биікке жакындап отына күйіп, одан алыстап суығына тона қоймағанын уақыт көрсетті.

Талайлы кезеңдерде халқымызға пана болған, сөйтіп Алаштың Анасы атанған Сыр жері бірнеше ежелгі өркенеттер орласы болғаны баршаға аян. Түркітілдес халықтарға ортақ абыз Қорқыт Баба мәңгілікке байыс тапқан жер кіндігі іспетті бұл өңірде ғарыш айлағының орналасуы да заңдылық. Қонажайы Сыр өңіріне алыс-жақыннан ат басын бұратындар қарасы бұрындыра да көп болған, қазір де қалын. Сырт көз сынышыл келеді. Олар «Елінде зиялыдан кімнің бар?» дей қалса, алдыңғы қатарда Бағдат Кәрібозұлының есімі аталатыны шүбәсіз. Бұл құрмет Бөкеннің ел алдындағы абыройы мен беделіне, зиялы бітім-болмысына,

оқымысты –ғұламалардың да елі екенін насихаттауда Б.Кәрібозұлы шығармашылығының орны ерекше.

Б.Кәрібозұлының бекзат болмысы мен бағындырған биігінің түп негізін келесідей факторлар анықтайды деп санаймын:

Бірінші – әлемдік деңгейдегі данағой Қорқыт Баба, бүкіл алашқа мәлім дүлдүл ақын шайырлар, батыр-билер, діни ағартушылардың отаны Сыр топырағында жаралғаны. Тарихы кенен, келешегі кемел қазыналы Қазалы 1956 жылғы 18 мамырда дүниеге келген Бөкеннің тектілігінің қайнар бастауындағы тұлғалардан бері қарай шежіре таркатар болсақ, бірнеше кітапқа жүк болары сөзсіз. Тектілігінің дәлелдерінің бірі ретінде аталас туысы Базар жырауды атасақ та жеткілікті.

Екінші – бөсекеге қабілетті білімі. Бөкеннің білім биігіне талпынуы бұлдіршін кезінен басталған. Осы құштарлық мектепте озат оқушы, жоғары оқу орында лениндік стипендиат, үздік аспирант, озық докторант атандырды.

Үшінші – өмір жолында кездескен ұстаздары. Бөкеннің өмір жолында және ғылым-педагогикалық қызметінде тәлім-тәрбие берген ұстаздары аз емес. Алайда, Бөкеннің басын иіп, рухани әкесіне балайтын ұстазы біреу – ол қазақ әдебиетінің классигі, академик Зейнолла Қабдолов. З.Қабдоловтың кемел тұлғасын қалыптастыруға айрықша еңбек сіңірген халқымыздың ұлы перзенті, бұрынғы Алаш қозғалысының қайраткері, академик Мұхтар Әуезов еді. Ал М.Әуезов өз кезегінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, т.б. Алаш идеясының негізін қалаушылармен мұраттас болды. Демек, Б.Кәрібозұлында Алаш идеясын жалғастырушылардың қатарына жатқызуға салмақты негізі бар.

Осы жерде еліміздің руханиятын дамытуға мол үлес қосқан белгілі ұлт қайраткерлері Т.Рысқұлов, Т.Жүргенов, С.Қожанұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. өз уақытында төп идеямыздың жана-шырлары болғанын, кейін олардың жолын І.Омаров, Ә.Жәнібеков жалғастырғанын айтқанымыз орынды. Алаш ардақтыларының мемлекет және қоғам қайраткері М.Жолдасбеков бастаған бүгінгі ізбасарларының да шоғыры қалын.

Төртінші – кәстерлі Тәуелсіздік. Азаттықтың ақ таны Бөкеннің шығармашылығына ерекше шабыт әкелді, Тәуелсіздік тудырған мол мүмкіндіктер негізінде білім мен ғылымда толайым табыстарға көл жеткізіп, ұлт руханиятын дамытуға өзінің үлесін қосты. Оның ширек ғасыр ішінде атқарған еңбегі мен орындаған жумыстарының нәтижелері ел игілігіне қызмет етуде.

Бесінші – жан жары, құдай қосқан қосағы Салтанат Рәшитқызы Хасенова. Бөкеннің өз сөзімен айтсақ: «Сүйген жарым Салтанат – тағдарым». Өмір деген арналы да адуынды өзеннің толассыз ағысының бол-май қалайтын толқындарына төтеп беріп, Бөкеннің отбасы қайығының ырағынан жамылмай жүзіп келе жатқаны, осыдан қырық бір жыл бұрын қосылған жан жары Салтанат жөңгейдің арқасы. Ағамыз бен жөңгейдің арасындағы шексіз махаббат, үйлесімділік, түйсіністік кейінгі жастарға үлгі боларлықтай.

Алтыншы – Сыр өңіріндегі білім, ғылым, мәдениет ордасы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Құрылғанына 79 жыл тоғалы отырған оқу орнымен Бөкеннің өмір жолы тығыз байланыста өрбүде. Оқу орнының табылдарымен 1975 жылы аттаған Бөкен содан бергі 41 жыл ішінде студенттен ғылым докторы, профессор дәрежесіне көтеріліп, тұғырлы тұлғаларға лайық лауазымдардан көрінді. Университет ректортының бұйрығымен 2002 жылы тәрбие жұмыстары жөніндегі про-ректор қызметіне тағайындалып, оны 2008 жылға дейін атқарғаны соның бір ғана мы-насы. Білім ордасы қабырғасында жүріп алғашқы махаббатын кезіктіріп, өст,өнді, белдеге не болды. Университет ұжымы мен ректораты Бөкеннің ұстаз және болып қалыптасуына, қызметтік мансабының өсуіне барлық жағдайларды жасады. Осын-дай қамқорлықтың арқасында қайраткерлік деңгейге көтерілген Бөкен университет басшылығы жүргізіп отырған аймақтағы іргелі жоғары оқу орнын өркенетті қоғам талабына сай қалыптастырып, дамыту және оны халықаралық білім кеңістігіндегі ықпалын арттыру ісіне, қай қызметте бол-масын, белсене атсалысып келеді.

Жетінші – қамқоршы ағалары мен қолдаушы достары. Бөкен дұрыс жол сілтеп, айқын бағыт-бағдар берген қамқоршы ағалары, Сыр жұртышылығына танымал азаматтар Н.Жүнісовтің, Е.Бозғұловтың, С.Имандосовтың есімдерін ерекше құрмет-пен атады. Бөкенге қанмен берілген қа-сиеттің бірі – көпшілік. Жастайынан халықпен етене араласып, ортасында жүр. Сондықтан болар Бөкеннің достары да көп. Әсіресе,өзіне шынайы тілектес, бастамала-рына қолдау көрсеткен Ж.Қ.Түймәбаевтың, Қ.Ж.Кәрібозовтың достық сезімдерін жоғары бағалайды.

Мемлекетіміздің әлеуметтік-мәдени да-муына сіңірген еңбегі үшін Б.Кәрібозұлы «Құрмет» орденімен нағрапталған, соны-мен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Респу-бликасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, университеттің «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалімен» марапатталған. Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі.

Ойымызды қорытындылай келе, бүгінде биік бел-белестердің талайын бағындырған, әйтсе де ел-халқыңға берері әлі де көп азаматтың мерей жасына орай «Осы жола да қаламыңыз мұқамалы, құлашың кеңге сермеген шығармашылығыңыз рухани қазынамызға айнала берсін!» деген тілек қосқымыз келеді.

**Қали ОМАРОВ,**  
**Қорқыт Ата атындағы**  
**ҚМУ профессоры.**



Бұл ауыл ертеден Кеңес есімімен аталады. Бесарық өзенін бойлап, бұлақтың бал суымен сусындап, қой ұстаған, қоңыр тіршілік еткен алақандай ауыл. Бұл – Төлепбергеннің кіндік кескен киелі ауылы, төбелі тұлғалар шыққан қоныс. Кешегі зұлмат заманда майданға танк жіберген тандаулы колхоз бастық Исатай Топышев, академик Мұхтар Әлиев, ұстаз-ғалым Қосман Жұматаев, имандылыққа ұйытқан Шермағамбет молда, ерлерше ел басқарған Күлсін алай, ақын Адырбек Сопыбеков секілді көптеген керемет кісілердің ізі жатқан іргелі мекен. «Тау баласы тауға қара өседі» деген рас сөз, тұрғындардың табиғатынан ой ұшқырлығы, сана биіктігі байқалып тұрады. Бәлкім, ардақты ағамыздың да алған асуы, бағындырған белесі тікелей тау биігімен байланысты ма екен, ә?!

## ТӨЛЕПБЕРГЕННІҢ СИҚЫРАЛЫ ТАЯҚШАСЫ

Қарт Қаратаудың көкмайса бау-райында аунап-қунаған қара домалақ баланың есімі бүкіл қазақ даласына ғана емес, музыка әлеміне мәшһүр бо-лады деп кім ойлаған десеңші?! Өріне, ешкім сәуегей емес, бес күн жалғанның дидарын дөп басып біле бермейді. Әкесі Әбдіраш қой соңында жүрсе де, өнер дегенде өзегін жарып берер жан еді. Төрт баласы да таланттан кенде емес, кез келген музыкалық аспапты игеріп кететін. Әуелде дінгегі қатты жиделен домбыра шауып, тас төбенің басын-да теріскейдің шертпе күйін төгіп, дар-хан даланы ән бесікке бөлейтін қасиетін балалары да дарыта білді. Үйдің үлкені Жантөрені ел бір оркестр деуші еді. Байтөре болса домбыраның құлағында ойынаған шебер болатын. Оларға еріп Төлен (Төлепберген) баянды да үйренді. Бірақ бой қысқалығы тікесінен тік тұрып тамылжытып кетуге келергі қас-сайды. Сусыған саусақ әйтеуір перие-ден жаңылмайды. Қиыннан қиыстырып қай әуенді де орындап шығады. Ал, шынашағын кей периеге әрең жеткізе-де қолына домбыра ұстаса ширап шыға келетін. Сөйткен Төкен тұрпатынан та-ланты биік тұрды. Бойы келсе, саусағы қысқа қасқа баладан әйгілі күйші шықпас деп Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның қабылдау комисси-ясы оны домбыра класынан қобыз кла-сына ауыстыруға тура келген. Студент Әбдірашев үшінші курста дарынды пе-дагог Тұрғыт Османовтың қолына түсті. Ол баланың бойындағы ерекше шабытын байқап, дирижерлық мамандыққа бау-лыды. Үміт ақталды, шебер шеберлігін көрсетті. Ол сиқырлы таяқшаса саз сыры мен мұңын сыйдырды, қазақ музыкасының қасиетін қанықтырып, құдіретін танытты.

Төлепбергеннің талантын теңесек теңеу, айтсақ аңыз таусылмас, сір! Киселі өнер жолында жүрген жан жақсы біледі, ол кәсіби музыканың күбісін пісіп, күпісін киген кісі. Тегінен тектілік төбелідеген тұлғаның қадіріне жетпе-ген бір бөлек, оның біртуар болмысын бағалай білеуеу арымызға сын. Алтын қорда қалған мол мұрасына шүкірлік ету аздық етеді, ел тарапынан елеу-екшеу әлі байқалмайды. Сол себепті бір топ өнер қайраткерлері былас басшысы Қырымбек Қошербаевқа ұсыныс жазып, даңқты дирижердің есімін өзі оқыған №239 орта мектепке беруді сұрағанбыз. Ономастика заңдылығына сүйенсек,қазақ өнері мен мәдениетінің майталман өкілі Төлепберген Әбдірашевтың тұлғалық тұтаст сипаты талапқа сай келеді.

Ол көзі тірісінде Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері бо-лып тұрып атақ-абыройын пұлдап, біреуден сабақты иле сұраған адам емес, соңғы деміне дейін өнер деп өтті. Қарапайымдылығымен, қасиеттілігімен ардақты ағамыз қазақтың кәстерлі ұлы болып қалды. Еліміздің өнер тарихында есімі атылып әріппен жазылды.

Жайсаң ағамыз Жаңақорған жеріндегі Кеңес ауылында дүниеге келген. Бұл 26 шілде 1948 жыл екен. Балалық балдаурен шағы соғыстан кейінгі ауыр кезеңге тап келіп, ауыл тартқан ауыртпалықты көзі көрді, тапшылықтың ашы дәмін татты. Тау халқы жонға өгіз соқамен бағара би-дай егеді, жерде ылғал мол болса бітеді, кей жылы еңбек еш кетеді. Негізінен мал-мен отырған ел берекесі де, байлығы да осы төрт түлікпен байланысты бо-лды. Жасынан жігерлі Төлепберген жокшылыққа жасымай, қиындыққа мой-ымай, жігерін жанып өскені белгілі. Ауыл баласы білімге ұмтылды, асқақ ар-манын Алматыға алып келді.

Сонымен ол консерваторияның «Халық аспаптары оркестрінің дирижері» деген мамандығын үздік аяқтап, Шымкент музыкалық училищесінде оқытушылық қызмет атқарды. Білімін барынша жетілдіру мақсатында одақтың жүрегі Мәскеудің Чайковский атындағы консерваториясына Лениндік сыйлықтың иегері, Халық артисі Ге-надий Рождественскийдің дирижерлық класына қабылданды. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы гой, ол кәсіби маман деңгейіндегі алғашқы баспалдағын 27 жа-сында дәлелдеді. Батыс Берлинде өтетін дирижерлардың халықаралық «Герbert фон Караян» атындағы конкурста дипло-мат атанып, Вена қаласында тәжірибе

алмасуға мүмкіндік алды.

Әлем музыкасының майын ішкен майталмандарға, шетелдік зиялы көрерменнің көңілі мен жүрегіне жол тауып, қазақ деген ұлы халықтың бар екенін мойындатқан да осы Төлепберген. Америка, Австрия, Англия, Болгария, Германия, Куба, Оңтүстік Корея секілді мемлекеттердегі концерт залдарының есігін былайғы жұрт имене ашатын бо-са, біздің Төкендер қасқайып халықтың алдында тұрды, ұлы өнерді дәріштеді.

Оның орындауындағы әр шығарма өзіндік құны бар өзгеше дүние. Дари-нды дирижер құлақтан жерпн әуенді алақанымен аялап, әлсіз нірім мен асау тұстарын жан-тәнінің елегінен өткізетін. Ұлы музыка өнерінің сыбысы мен сыб-дырын, ыргағы мен толқынын бар жан жүрегімен, тула бойымен сезіне алды. Өзі сезінген тылсым күшті өзгелерге дәл со-лай жеткізді. Төлепберген Әбдірашев бір ғана таяғыммен бүкіл оркестрді, жүздеген аспапты бағындыра білді. Ол қаласа кез келген үнді уыстап, жұп-жұмсақ бия-зы сезіммен жүрекке жеткізеді. Міне, құдірет!

Мәскеу консерваториясын бітірмей жатып сол кездегі Мәдениет министрі Ж.Еркінбеков оны мемлекеттік симфониялық оркестрге дирижерлыққа шақырды. Демек ол өзін дарынды дири-жер екенін дәлелдеген. Төлепбергеннің бір артықшылығы, уақытты үнемдей білетін және тиімді істерге қажат қыла-тын. Олай дейтініміз, шәкірт тәрбиелеуге, ұстаздық қызметті де жүргізуге мүмкіндік тапты. Ол 1983-2007 жылдарда консер-ватория қабырғасынан камералық ор-кестр ұйымдастырған алғашқы ұстаз. Профессордың тәлімімен бүгінгі белгілі дирижерлер К.Ахметов, Б.Жұмабеков, А.Бөрібаев, А.Әбдімұров, Е.Ахмедияров, А.Оразғалиев, К.Омаров, Е.Нұртазин та-лабын ұштады, үлкен өмірге қанат қакты.

Қазақстандық көптеген сазгер үшін Төлепберген Әбдірашев өнерді дәріптеудің даңғал жолы болды. Себебі сазгер шығармасын тыңдарманға жеткізудің бірден-бір тетігі 2 дирижердің таңдауы мен сарабында тұрды. Сол үлгілі үрліспен К.Мусин, К.Қожамьяров, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиев, М.Сағатов, К.Күмісбеков, Д.Жұбаниязов, Ж.Дасте-нов, Т.Қажығалиев, К.Дүйсекеев, А.Серкебаев, С.Еркімбетов, К.Шілдебаев шығармалары тыңдарман талғамына жол тартты.

Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Жаңақорған ауданының «XX ғасыр ала-мы» Төлепберген Әбдіраш еліміздегі ең ірі үш оркестр — Мемлекеттік академиялық, Құрманғазы атындағы және «Отырар сазы» халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері болды.

Қазақты жер жаһанға әйгілі еткен осындай текті ұлдың өнеріне қалайша бас имей, қалайша тебіренбей тұрасын. Туған жері оны мақтауға емес, оны-мен мақтануға тиісті. Өйткені мұндай марғасқа мандайға жазыла бермейді, жүз жылдың сыбағасында бар ма, жоқ па, ешкім айта алмайды. Және өнер қайраткері күнде өмірге келмейді. Сондықтан таңдауды, тағлымды тұлғаның елге сіңірген еңбегі тәмсілге айналып барады.

Бұл өмір қызық та катал гой. Біреуді биік шыңға жеткізсе, біреуді биік құздан құлатар. Ал, Төкен ешқашан құламады, ешқашан жыламады. Бар қиындықты еңсеріп, арман жолында аянбай еңбек етті. Тау баласының жаратылыс сы-рынан болар, ол өмірінде де биікке қарай өрмелей берді, талантын таны-та білді. Алайда, өмір өткішi екенi өкінішті. Өріне, мәңгілік ештеңе жоқ. Қай нәрсінен де шегі бар. Тағдырдың талқаны таусылып, дарынды дирижер 2007 жылы аққан жұлдыздай арамызда алыс кетті. Биыл жеті жыл толып отыр. Ұлы Абай айтқандай, өлмейтұғын артына із қалдырған музыка сандағына, сиқырлы таяқшасына деген сағыныш біздің сана-мызды сілкілеп жүр...

**Кеңес ДҮЙСЕКЕЕВ,**  
**сазгер, Қазақстанның еңбек**  
**сіңірген өнер қайраткері.**  
**Қаныбек ӘБДҮОВ,**  
**журналист.**

# ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ

рөлі кандай дәреже-деңгейде болар еді деген сұрақ үнемі көкейімде жүреді. Бағыз заман-дардан бермен қарай саралап, салыстырып-салғастырып қарасақ, рухтың өміршеңдігіне қапысыз сенген грек ойшылы Платондай, Грекияға деген өз махаббатын, оның досту-рі, данқа, ар-намысы мен абыройын жалынды сөздерімен асқатқатқан шешен Демосфе-ней, ел бірлігін нығайтқан кемелгер, данағой, өмірді мәңгілік ету идеясын өз ұстанымын темірқазығына айналдырған Баба Қорқыттай, халқының болашақ қамы үшін Ұлы даланы шарлап Жерұйық іздеген данышпан, абыз Асан Қайғы да, қазақ жыраулар поэзиясының алабы, ұлт-азаттық қозғалысының күрескері Балқы Базардай болар ма еді, бәлкім.

Жұмыс орым Бөкенмен бір қабатта орналасқандықтан қызмет бабымен немесе амаандық-саулық сұрау ниетімен кабинетіне жиі бас сұғып тұрмын. Кәй кезде барсам да Бөкеннің отырысы құлды жаппар тасқа сәл дамылдау үшін қонақтаған қырандай көрінеді маған. Ақыл-ойы кемелдеген, парасат-пайымы биік, айналасындағыларға жоғарыдан қарағандай болып, ойға шомып отырады.

Бөкеннің шығармашылығы, өмірлік ұстанымдары мен тұлғалық қырларына кеңірек тоқталсақ. Ол қазақ әдебиеттану ғылымына қомақты үлес қосқан ғалымдар-дың бірі. Атап айтқанда, қазақ лирикалық поэзиясының жарылық сипатын кандидаттық диссертация деңгейінде, қазақ өлеңінің ұлттық сипатын докторлық жұмыс көлемінде зерттеді. Бұл бағыттар аясында бірнеше құнды монографиялары, жүздейден мақалалары жарық көрді. Бүгінге дейін Бөкеннің жетекшілігімен екі кандидаттық, отыздан астам магистрлік диссертация-лар қорғалды. Бөкен білім беру саласын-да қырық жылға жуық төр төккен ұлағатты ұстаз. Оның дәрісін тыңдап, тағылымы мен өнегесін көрген мыңдаған маман түрлі сапа-ларда қызмет етуде.

Бөкен – сұлулыққа шын ғашық жан. Мейлі ол табиғат сұлулығы, мейлі ол жан-жануар сұлулығы, мейлі сәулет өнері бол-сын Бөкен үшін айырмашылығы аз. Ерекше әсерленеді. Алған әсерімен әріптестерімен бөлісуге асығады. Оны тыңдай отырып, өзің де сезім тылсымына берілесің. Бөкен, әсіресе, әйел сұлулығына табынатын романтик. Жалаң сұлулықтың емес, жан сұлулығының жаршысы. Әйелдерге (аналарымызға, сүйген жарға, қарындастарымызға, қыздарымызға) деген адал сезім құдіретін, жандылықтан адал ітпінатты мен құрметін көркем сөзбен кестелеп, шырайын шығарып, әрін келтіріп жеткізеді. Бұған Ұлы Абай мен дауыл-паз ақын Махамбеттің өлеңдерін жатқа оқитынын қосымыз. Өзі де тебіренеді, өзгені де тебірентейт қоймайбы. Бұл, өріне, екінін біріне бұйырғаман қасиет. Қыздар туралы әңгіме қозғай қалса, Бөкен әрдайым, Желтоқсан көтерілісі кезіндегі олардың көрсеткен жанқиярлық ерліктеріне тоқталмай кетпейді. Алматыда С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқип жүрген кезі. Ұлт мүддесі жолында алаңға шыққандар сапын-да болған жас өскін қыздарымыздың қарулы солдаттардан желтоқсанның сақылдаған сары аязында тығызғалар жер таба алмай қиналғандарын, қолға түскендерінің аяу-сыз таяқ жегенін көзімен көрген гой. Оларға өзінің қомкөтесе алмағаны, сол тұстағы бетке ұстарларымыздың көпшілігінің дәрменсіздігі әлі күнге жанын жетейді жейтін болса ке-рек. Бөкеннің баянын тыңдаған адамның, егер ол ет пен сүйектен жаралған болса, сай-сүйегі әлбеттірайыты хақ. Бүгінгі уақыт биігінен біз көтерілістен шыққан негізгі әкі қорытынды бар деп ойлаймыз. Біріншісі – қайғылы: бейқұна ұл-қыздарымыздың зорлық-зомбылық көріп, қуғын-сүргінге ұшырауы. Екіншісі – қуанышты: еңсені езген отаршылдықтың ұрпақ бойындағы азаттыққа деген рухты өшіре алмауы. Ал, бұл тұрғыда қазақтарымыздың орны, еңбегі, ерлігін бағалайтын лайықты өлшем табу қиын.

Бөкеннің «Шын достар есептеспеу-ге тиіс. Нағыз достар есептеспесеңе ғана достықтарың мәңгілікке жалғастыра алады», деген сипаттағы ойлары қай шығармасында да кездеседі. Сондай-ақ, қазақ әдеби тілінің негізгі Сырдария өзені төменгі ағысын ме-кендеген қазақтардың тілінде жасалғанын үлкенді-кішілі басқосуларда немесе аудито-



дос-жарандардың көңілін қимай келісімімді беремін. Қыза-қыза телеске лайық жұмыр басқа сөзбен алтын бөрік кигізгендей бола-мы, ал менің нашар сөйлеуге қакым жоқ, ондай құбылыс маған жат! Қүдіреті күшті ұлы сөздің қиесінен қорқамын. Осылай-ша сөйлемпаз асабаға айналып кетпесем болғаны!» - деп, өз қауіпін толғана әрі жасар-май жеткізгені еді.

Бөкен біреулердің болмысына баға беру немесе суреттеу үшін қазақтың тарих қойнауында қалған көне сөздерін қолдануға шебер. Назарына іліккен персонаждың бар қасиетін бір ауыз сөзге сыйдырғанына қайран қаласың. Қазыналы қазақ сөзінің мүмкіндіктеріне тәпті боласың.

Бөкен өзінің ұстазы, академик Зей-нолла Қабдолов туралы: «Зекен жұрттың бәрін аламай жақсы көреді.Ұлы кісінің сұғарылығы адам жаратылысындағы пәзік тұңғырды тап басып тани алуында, адам пә-зікхологиясын терең меңгеруінде, сөйте отырып адамдарды аялай, ардақтай білетін үлкен ма-хаббатпенді жатса керек. Зекен – кешірімшіл, гуманист, етек-жеңі кен пішілген ірі тұлға. Өзінің ақыл-парасатын, биіктігін өзгелердің алдында үлкен мәдениетпен көрсете оты-рып, жанына жақын тұтқан жандарды риясыз көңілден сыйлайды, қаліріп – құрметтейді. Майда-шүйдені көзге ілмейтін ірілік, міне, ол кісінің дала тектес табиғатынан тамылды...»-дейді. Осы жолдар айта-қатесіз Бөкеннің өзіне арналғандай. Ағамыздың бітім-болмысын суреттегісі келгендердің бұған алып-қосары көп болмауы тиіс. Бөкен ширек ғасыр Қазақстанның халық жазушы-сы З.Қабдоловтың ақыл-көнесін тыңдап, тәлімі мен тәрбиесін бойына сіңіріп, болашақ өміріне бағыт-бағдар алғанын осы күнге дейін үлкен мақтанышпен айтып отырады. Жас Бағдаттың ғылымның қыр-сырына қанығу, жана сападағы білімді игеру жолындағы уақытпен санаспай еңбектенгеніне, мінез-құлқына, жүріс-тұрысына, бекзат болмы-сына шынайы риза болған академик оны өз қанасынан шыққан балаларынан артық көрмесе, кем көрмеген. Бұл Бөкеннің көпке айта бермейтін жан сыры. З.Қабдолов та ісіі Алаштың ұлы перзенті Мұхтар Әуезовтің тап осындай ең сүйікті шәкірті болғанын кейбіреулеріміз біле бермеуіміз мүмкін. Ол ұзақ жылдар бойы өзі дәріс алып, аялы алақанының шапағатын көрген ұстазы-ұлы М.Әуезовтің отандық білім мен ғылымның қарашаңырағы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық



● ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНЕ – 100 ЖЫЛ

«Түркістанның соңғы елу жылында болмаған аса маңызды тарихи оқиға». Башқұрт ғалымы Абдулқадир Инан 1916 жылғы патшалық Ресейдің басқыншылығына қарсы бағытталған көтеріліске осылай баға берді. Ал, қазақ тарихшылары «бұл ұлт-азаттық көтеріліс – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы қасиетті де қасіретті бүкіл күресінің қорытындысы» деп пайымдады. Ендеше сол ұлттық нәм саяси азаттықты мұрат тұтқан ер мен елдің қолына қару алып, бас көтергеніне тура 100 жыл толыпты. Сабырлы да салиқалы қазақтың дүмпуінің себебі мен сыры неде? Салдары қалай болды?

## Ауыртпалық

Азаттық сүйгіш, рухы биік халық патшалық билікке бағынғалы көрмегенді көрді. Патшалық Ресей қазақтың ата қонысын мемлекет меншігі деп жариялап, шұрайлы шабындығы мен құнарлы егіндігінен айырды. Ол жерге өкімет жиі толқулар ошағы болған сырт аймақтардан екі жарым миллионға жуық орыс, украин және басқаларды қоныстандырды. Бұған қоса, қазачествоны да жарылқалды. Отарлаушылар қазақ халқының жері мен табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақтарды рухани жағынан да отарлауға тырысты. Бұл жөнінде Міржақып Дулатов «...чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдеп-ғұрыптарымызға, біздің молдаларға ғана тиісті неке мәселелеріне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды», – деп ашынып жазды.

1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыстың өршуі жығылғанға жұдырықтай болды. Халқымыздың жағдайын бұрынғыдан да ауырлата түсті. Шаруашылық күйзеліп, егіс көлемі азайып, оның өнімі күрт төмендеді, мал басы кеміді. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, малды және басқа да материалдық игілікті жалмай берді. Жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді. Уақыт өткен сайын соғысқа байланысты қанау, тонау саясаты күшейе түсті. Қазақтардан, бірінші кезекте Сырдария және Жетісу облыстарында жерлерін жаппай тартып алу жалғастырылды. 1916 жылдың ортасына қарай патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған жерінің жалпы көлемі 45 миллион десятинаға теңелді. Соғыс жылдары тек Түркістаннан майдандағы әскерлердің қажеті үшін

40899044 пұт мақта, 38 мың шаршы метр киіз, 3 млн пұт мақта майы, 229 мың пұт сабын, 300 мың пұт ет, 473 пұт балық, 70 мың жылқы, 12797 түйе күштеп алынып, майдан аймақтарына жіберілді. Қазақ шаруаларын кәсіпорындарға, шаруашылықтарына жалдап жұмыс істетуге күшейді. Дүниежүзілік империалистік соғыс елде өнеркәсіптің қирауына, ауыл шаруашылығының тоқырауына, халық арасындағы аштыққа алып келді. Қоғамда бөлінушілік, рушылдық пайда болды.

Соғыс ауыртпалығы мен жергілікті халықтың құқығының жоқтығы ыза мен кек тудырды. Жұмысшылар мен шаруалар қозғалысы өршілді. Мәселен, 1915 жылы маусым айында Екібастұз, Байқоңыр

қолын әкету ұлттық ауқымдағы сұмдық апатқа айналатын еді.

Ал, науқаншыл жандайшаптар жарлықты жүзеге асыра бастағанда қоғамда паракорлық жайлады. Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, жаңадан күш тапқан жергілікті биліктегі пысықайлар жастары үлкейіп кеткен кедей жігіттерді де майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге» қосты. Ал болыс басқарушылар, ауыл старшындары, патша әкімшілігінің өкілдері ауқаттылардан пара алып, балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің бар амалын жасады. Мәселен, 60 жастағы кедей шалдары 30 жаста болып, 25-30 жастағы бай балаларды

Тағы бір ерекшелік, бірқатар аудандарда қазақтармен қатар қырғыз, ұйғыр, өзбек және басқа да ұлттардың өкілдері қатысты. Көтерілістің қозғаушы күші – қазақ ауылының еңбекші шаруалары, оған ішінара жұмысшы тобы өкілдері, байлар да, билер де, молдалар да, болыс басшылары да, зиялы қауымның әр түрлі топтары да белсене араласты. Көтеріліс ең алдымен отаршыл жүйеге қарсы бағытталды да, қазақ халқының ұлттық және саяси тәуелсіздігін көздеді. Ал оның әлеуметтік мәні – өз билеушілеріне қарсы күрес екінші кезекке ысырылды. Қазақстан мен Орталық Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық сипат алған көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси және



Қозғалысқа қатыспаған бұқара халық үшін демократ болып көрінгенімен, генерал көтерілісшілерді аяусыз жазалады. Куропаткиннің патшаға ұсынған есепті баяндамасында көтеріліске қатысты берген мәліметінде: «Ресми мәліметке қарағанда 1916 жылғы көтеріліс кезінде орыстар 3709 адамынан айырылған. Бұлардың 2325-і өлтірілген, 138-і хабар-ошарсыз кеткен. Жоғары шенді қызметкерлерден 7, жергілікті қызметкерлерден 22 ресми тұлға өлтірілген. Көтерілісті басу үшін 14,5 батальон, 33 жүздік, 42 зеңбірек, 69 пулеметтен тұратын әскери күш қолданылды», – делінген.

Сонымен бірге, Куропаткин көтеріліс ауқымды, салдары үлкен болғандықтан оны басу үшін ерекше шаралар қолданғанын жазды. Сотсыз және тергеусіз атылғандарды есептемегенде, Түркістан өлкесінде 1917 жылдың 1 ақпанына дейін 347 адам өлім жазасына кесілді, 168 адам жер аударылды, 357 адам абақтыға жабылды. Патша өкімет орындары қудалаған 300 мың қазақ пен қырғыз немесе Жетісудың байырғы тұрғындарының төрттен бірі Қытайға қашуға мәжбүр болды.

## Қазақ зиялыларының АҚЫЛ-КЕҢЕСІ

1916 жылы қазақ интеллигенциясының көсемдері, яғни ұлт-азаттық қозғалысты бастаушылар халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені, құр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне қарсылық көрсете алмай, тағы да қырғынға ұшырайтынын сезді. Соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына үміт артты. Бірақ оларға тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны – халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады. «Қазақ» газетінің ашық көтерілу қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақырулары халықтың құлағына кіре қоймады.

Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісін ұлт-азаттық қозғалыстық көсемдері бөлініп қалды. Олардың уәжі орынды болғанын тарих дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жыл 27 ақпанда бас-аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей, кейінгі зерттеушілер тарапынан болашақ «Алаш» партиясының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты деген ұшқары пікірлер айтылды. Алашордалықтардың көтеріліс кезіндегі тактикасын түсініледі.

Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға оқоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас-көз болып, кейін аман-есен оларды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі

бастаған қазақ зиялылары бірге майданға атанды. Мұны нағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде, сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігіттерінің елге оралуы екіталай еді.

Алаш қайраткері Міржақып Дулатов 1929 жылғы 7 қаңтарда ОГПУ тергеушісіне берген жауабында былай деп мәлімдеді: «1916 жыл келді. 19-43 жасқа дейінгі қазақ халқын тыл жұмыстарына реквизициялау туралы 25 маусымдағы патша жарлығы кенеттен жарияланды. Қазақ халқы толқиды... Далаға зеңбіректері мен пулеметтері бар жазалау отрядтары ағылды. Губернаторлар жер-жерге барды, түрмелер батыл адамдарға лық толды. Ақтөбеге келген Торғай вице-губернаторы... тура былай деді: «Бірде-бір қазақ тірі қалмаса да, патша жарлығы орындалады».

Осының бәрін, ал ең бастысы – қазақ халқының дәрменсіздігін, қорғансыздығын көрген біз халыққа өкімет орындарына қарсыласпауға кеңес бермекші болып ұйғардық, өйткені шайқастың тең болмайтынына, қазақ даласы қанға бөтегіне, қазақ халқы орны толмас қасіретке ұшырайтынына сенген едік, кейбір жолдастар қазір ұлттық қазақ зиялылары сол кезде көтеріліске басылық ете алмады деп жүрді, бірлесе әрекет етіп, патша өкіметінің ізіне еріп кетті және т.б. деседі. Менің ойымша, сол кездегі мән-жаймен, шын жағдаймен жақсы таныс болған адам мұны айтпас еді.

Жеке-жеке бұрқ еткен толқулар көп ұзамай қарудың күшімен басын-жаныншатылып, жұмысшыларды реквизициялау мен майданға жөнелту басталды. Сол кезде «Қазақ» газетінің редакциясы тыл жұмыстарына көнетілген қазақтардың мұқтаждарына қызмет көрсетуді ұйғарды және осы мақсатпен барлық қазақ зиялыларына реквизицияланғандар жұмыс істейтін майдандарға өз еркімен барып, оларда бұратаналар көлімін құруға шақырды. Зиялылар (көпшілік бөлігі халық мұғалімдері) бұған үн қосты және көп кешікпей Минскке бекзет одағының жанынан бұратаналар бөлімі құрылды. Мен Минскіге бәрінен кейінірек аттанып кеттім...».

Дегенмен, қазақ зиялыларының позициясын айта отырып, біз көтерілісшілерді айыптаудан аулақпыз. Өйткені, олардың да жүрегіне елді, жерді қорғау, ұлттық азаттық алу деп аталатын миссия біткен. Тек бостандық жолындағы күресте қарулы қарсылық жолын таңдады. Бұл да бекерден-бекер болмаған деп есептейміз. Әйгілі британдық тарихшы Арнольд Тойнби айтқандай: «Тарих – Құдайдың жердегі бағдарламасы». Егер адамның қолынан келер дүние болса, алашордашылар көтеріліске жол бермес еді. Сондықтан тарих сахнасында адамдар өз ролін қандай пейілмен ойнап шықты деген сауалды бірінші қойса, орынды болар еді. Сол пейіл бізді тәуелсіздікке жеткізгенін білсек, мәселеге бір жақты қарамаз едік...

Дәурен ОМАРОВ.

# ЕРКІНДІККЕ ҰМТЫЛҒАН ЕЛ



көмір кендерінде, Спасск мыс кен руднигінде, «Орынбор-Ташкент» темір жолында жұмысшылардың қозғалысы бой көтерді. 1916 жылы Верный, Семей қалаларында кедейлер мен майданға кеткен солдаттардың әйелдері ереуілге шықты.

## «АДАМ БЕРМЕЙМІЗ»

Қазақстанның, Орталық Азияның және ішінара Сібірдің 19 және 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер азаматтарын майданға тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысты. «Құланның қасуына – мылтықтың басуы» деп келіп, олар отарлық езгіге ашық қарсылық көрсетті. Патшалық биліктің пәрменіне қараныз, Түркістан мен Дала өлкесінен майданға оқоп қазуға 400 мың, соның ішінде қазақтар мекендеген облыстардан 240 мың адам жіберу көзделген. Егер өлкелдегі қазақ шаруашылықтарының саны 700 мыңнан сол асатынын ескерсек, әрбір үшінші шаруашылық қызметкерінен айырылады екен. Сонымен бірге осыншама жұмысшы

50 жастағы болып жазылды.

Жарлықтың қатандығы және оның жергілікті жерлерде әділетсіз әдістермен іске асуы еңбекке сүйенген елді түңілдіріп жіберді. Қиянатқа төзе алмады. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылыш... қолына түскенімен қаруланып, байлардың ауылдарын өртеп, малдарын әкетуді жиілетті. Ал шенеуніктерді «адам бермейміз!» деп соққыға жықты. Бықсыған шоқты үрлей берсе, тұтанып, ұшқыны жан-жаққа шашырап, алаулаған өртке айналатыны сияқты стихиялық қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласты. Оның ірі ошақтары пайда болды. Торғай даласында қазақ жастарын Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда – Жалау Мынбаев, Ақтөбе даласында – Әділбек Майкөтев, Жетісуда – Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұлов және басқалар басқарды.

Кенесары Қасымұлы басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1916 жылғы көтеріліс бірінші рет кен-байтақ өлкенің барлық аймағын қамтыды.

әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан әрі асқыну түсуіне себепші болды...

## ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСТЕН ҚАТТЫ ҚОРЫҚТЫ

Ғылыми зерттеулер мен тарих оқилықтарында көтерілістің барысы мен оны жазалаушы күштердің басып-жаншығаны жан-жақты жазылған, сондықтан оған кеңірек тоқталмаймыз. Айта кетерлігі, Герман-Австрия майданында жеңіліске ұшыраған шақта бұрқ ете түскен Түркістандағы бұл ұлт-азаттық күрестен Ресей қатты қорықты. Түркістандағы көтерілісті басып-жаншу ісі өкімет үшін мәселеге айналды. Жағдайдың шиеленісуіне байланысты 1916 жылғы 20 шілдеде генерал Куропаткин Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып тағайындалды. Ол қалайда көтерілісшілерді бағындыруға, лаң салушыларға қарсы күресу үшін байырғы халықтың рулық немесе тайпалық араздығын пайдалануға бұйрық берді.

# ПАРИЖДЕГІ ПАЙЫМДЫ ЖҮЗДЕСУЛЕР

БІРШАМА  
УАҚЫТ БҰРЫН  
ҚЫЗЫҚТЫ  
ОҚИҒАНЫ БАСЫМ-  
НАН ӨТКЕРДІМ. АЛАЙДА  
СОЛ СӨТТЕГІ ӘСЕРІМНЕН  
ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН АРЫ-  
ЛА АЛАР ЕМЕСПІН. ЖА-  
ДЫМА ОРАЛҒАН САЙ-  
ЫН ӘЛЕМДІК ӨНЕРДІҢ  
НАҒЫЗ МҰЗБАЛАҚТАРЫН  
ҚАЙТАЛАНБАС ДАУСЫ-  
МЕН ТАМСАНДАРҒАН  
ҚЫРАН ҚАЗАҚ КӨЗ АЛДЫ-  
МА ЕЛЕСТЕЙДІ. ҚҰЛАҒЫМА  
ТАЛҒАМЫ АСА БИІК ПА-  
РИЖ КӨРЕРМЕНДЕРІНІҢ  
ҚОШЕМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН  
ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВҚА  
ДУЫЛДАТА СОҒЫЛҒАН  
ШАПАЛАҚ ҮНІ КЕЛ-  
ГЕНДЕЙ БОЛАДЫ.  
МҰНЫҢ МӘНІСІ  
ДЕ БАР.

Мамыражай мамыр айы болатын. Түскі үзілістің кезі. Қалта телефоныма қоңырау соғылды. Бейтаныс, оған қоса біздің өңірде мүлде кездеспейтін өзгеше нөмерлі телефон екен. Тұтқаны көтергенде Қазалы көліктік-техникалық колледжінің директоры Болатбек Ахметов бауырымыздың даусын естідім. Таңданысым арта түсті. Байсалды мінезді, әр сөзін балғамен соққандай нық жеткізетін Болаттың үнінен бұл жолы толқу аңғарылады. Тағатсыздана мән-жайды сұрастыруға көшкенмін. Амандық-саулықтан соң Болат өзінің ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Маржанкүл Ақай, өндірістік оқу шебері Жанболат Мұстафаевпен бірге Францияда кәсіптік білім саласы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында іссапарда жүргенін, Парижде жұмыс уақыты жаңа басталғанын, дәл қазір өздерінің атакты Эйфель мұнарасының ішінде екендерін, ең бастысы жолбасшы француздардың Әміре Қашаубаевтың өнеріне, есіміне жақсы қанық екендерін қуанышпен жеткізді.

Менің де кеудемді мақтаныш сезімі кернеді. Сонау 1925 жылы Франция астанасы Парижде болған ЭКСПО-ға қатысқан тұңғыш қазақты ғасырға жуық уақыт өтсе де қала тұрғындары ұмытпапты. Сол әлемдік көрмеде Әміре еншінің «Балқадияш», «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша», «Қос балапан», «Қанафия», «Үш құс» сынды әндерді орындап ұлттық рухымызды аспандатқаны, күміс медаль иеленгені тарих парағында сақтаулы. Бұл туралы кезінде «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикаль» журналы да жазған. Ал екі жылдан соң Германиядағы халықаралық музыкалық байқауда қазақтың халық әндерін шыраққан Қашаубаевтың өнерін Ромен Роллан, Анри Барбюс сынды ірі мәдениет өкілдері жоғары бағалайды. Осы-



нау аңызға айналған адамның атак-даңқы арада қаншама жылдар жылжығанмен, жарқырай түссе ұрпақтары қалайша шаттанбасын?! Мақаланы дайындау барысында өзінің әйгілі құрастырушысы Густау Эйфельдің есімімен аталған ғажайып мұнара 1889 жылғы әлемдік көрменің кіреберіс дарбазасы қызметін атқару үшін уақытша ғимарат ретінде салынған. Биіктігі антеннасымен қоса есептегенде 322 метр. Салмағы он мың тонна. Кезінде Гитлер Францияны басып алғаннан кейін Эйфель мұнарасына келеді. Лифті істемей қалып 1792 баспалдақпен жауа шыққан деген аңыз бар. Бүгінгі таңда мұнараға жылына 6 млн адам көтеріледі» деген деректі әлеуметтік желіден кездестірдім.

Бір сөз бүгінгі энгімеміздің кейіпкері ҚР білім беру ісінің үздік қызметкері Болатбек Ахметов басшылық жасайтын Қазалы көлік-техникалық колледжінің тыныс-тіршілігінен сыр шертсек.

Алғашқыда Қазалы паровоз депосының жанынан ФЗУ болып ашылған осы білім ордасы қашанда заманауи үрдістерді қолданыса батыл енгізумен ерекшеленеді. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында теміржол училищесі аталатын іргелі ұжым майданға, азат етілген өңірлерге теміржол саласының мамандарын кідіріссіз жіберіп отырады. Оқушыларға темірдей тәртіпті бұлжытпай орындау талабы қойылды. Ал тәртіптің-табысқа жетелейтіні дәлелденген қағида. Сол үрдіс қазірде жалғасын табуда. Кейіннен қалалық кәсіптік техникалық училище ретінде қайта құрылғанда Ресей, Украина, Белоруссия, Башқұртстаннан жастар келіп мамандықтар алды. Білім ордасының бағындырған белесі аса ауқымды. Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағын жеңіп алды.

Бүгінгі таңда Қазалы көлік-техникалық

колледжі аталатын қарашаңырақта еңбек нарығына қажетті 11 мамандық бойынша дәріс беріледі. Педагогикалық ұжым облыстық, республикалық байқауларда талай топ жарды. Өткен оқу жылында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары аясында өткізілген облыстық байқауда бірінші орынға қоса, облыстық кәсіподақ ұйымының қаржылай марапатын, «Ең үздік оқу орыны» аталымын еншіледі. Бүкіләлемдік банк қарызы есебінен қаржыландыратын «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту» жобасына қатысып 380 мың АҚШ доллары (57 млн теңге) гранттың иегері атанды. Колледжде әріптестермен байланысты нығайту, кадрлық потенциалды арттыру бағдарламасын құру, сапалы маман даярлауда он имидж қалыптастыру өзге де жайттар тұрақты назарда тұр. Ұстаздар тәжірибе алмасу үшін Франция, Германия, Чехия, Ресей мемлекеттерінде болып, білімдерін жетілдірді. Соңғы жылдарда колледждің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайды. Жаңа оқу-техникалық құралдармен жабдықталған оқу кабинеттері, оқу-өндірістік шеберханалар, зертхана, жатақхана, мәдени орталық, электронды кітапхана, жылыжай, фитнес клуб есептесеніз санынан жаңыласыз.

«Кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру, келешекте жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшірулі қарастыру керек» деген Елбасымыздың Жолдауынан туындайтын тапсырмаларды жүзеге асыру – білікті азамат басшылық жасайтын ұжымның басты мақсаты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.  
Қазалы ауданы.



● ТАҒДЫР

# МЕРГЕН МОМЫННЫҢ МҰҢЫ

Қазақ даласында екінші дүниежүзілік соғыс қасіретін тартпаған бірде-бір әулет, бірде-бір отбасы жоқ. Соғыс өрті тұтанғанда ер-азамат атаулы майданға аттанды. Сол есіл ерлердің біразы майдан даласында мәңгілікке қалды. Мүгедек болып қайтқандары қаншама? Ұрыс кезінде қапыда жау қолына тұтқына түсіп, пұшайман болғандардың тағдыры тіпті ауыр болды. Тұтқыннан босанып елге аман оралғанмен қауіпсіздік қызметінің тұзағынан құтыла алмай жазаланып жатты. Олар, әрине, жазықсыз жазаланған жандар. Әйтсе де, кешегі соғыс кезінде жасаған қылмысы ақтауға келмейтін, соған лайық әділ жазасын алған адамдар шоғыры болғанын кейінгі ұрпақ біле бермейді. Біз сондай бір азаматтың қызғылықты тағдыры туралы қызылордалық ардагер Төребек Тәуекеловтің өз аузынан естіген әңгімесі бойынша баяндауды жөн көрдік.

Момын Қуандықов 1900 жылы бұрынғы Теренозек ауданының Мыңшоқы деген жерде дүниеге келген. Әкесі Қуандық ұста әрі ащы болған. Қолындағы азантай малымен Қарақұмды, Арысқұмды жайлаған көрінеді. Кейін Қарағөбе колхозы ұйымдастырылғанда оған мүше болып кіреді. Момын әкесі секілді ұсталықты меңгереді. Қарақұмды жайлап жүрген кезінде Қарақұм көтерісшілеріне қару-жарақ жасауға көмектескен адам. Оның жас кезінде үйіне қайып жұртынан қонақтан қайтып келе жатқан жолда атакты мерген әрі батыр Кейкі түстенеді. Сол жолы Момын Кейкіге «Аға, сізді ел қол мерген дейді. Бізге сол өнеріңізді көрсетіңізші» деп қолқа салады. Сонда Амангелді батырдың серігі болған мерген «әй балалар, қоймадыңдар ғой» деп жан-жағына қарайды. Дәл сол кезде аспанда бір топ қаз ұшып бара жатады. Кейкі мылтығын көтергені сол, қаздың соңғысы жерге томп етіп құлайды. Жұрт барып көрсе қаздың артына тиген оқ мойнынан шығып кетіпті. Дір сол кезде бір төбенің баурайында бір топ киік жатыр екен. Ішінде тік тұрған жалғыз текені көрсеткен Момын соны атып беруін сұрайды. Мерген оғынан теке төрт аяқтан құлап түскен сәтте қасында жатқан ешкі де аяғын сермеп қалып аунап түседі. Кейкі жан-жағына, қарап «Текені мен аттым, ешкіні атқан кім?» деп сұрайды. «Мен едім» деп Момын жауап қайтарады. Әйгілі мерген сонда Момынға: «Бала, жатқан аңды атұшы болма, тұрғызып барып ат, өйтпесе обал болады» деп ақыл айтыпты.

Соғыс басталғанда ағайынды Қуандық пен Әбіштің үйінен екі азамат әскерге алынады. Онан кейінгі тізімге іліккендер Момын мен Мәмбет еді. Момын әскерге барудан бас тартып, Қарақалпақ жағына көшіп кетеді. Ол жақта өзі сияқты қашқындарды кезіктіріп, олардың басын біріктіріп топ құрады.

Қашқындарды ұстауға НКВД адамдары шығады. Момын бастаған топ қуғыншыларды бұрын байқап, шөлге бет бұрып, жалтарып құтылып кеткен. Осылай қудалай берген соң бұлар Қарақұм, Арысқұм жакқа ауып, осы жакта соғыстан қашқандармен табысып, жасақ құрады. Бұл жасаққа да басшылық жасаушы Момынның өзі. Бандылар ұстахана құрып, жақсы қаруланады. Бас ұста Момын, көмекшісі – теренөзектік Әбдіғалпар деген кісі болған.

Қуғыншылардан қорғану үшін олар кезектесіп қарауылға тұрады. Кезекші жатақтан бір шақырымдай жерде тұрып, бақылаушыларына белгі беріп отыратын болған. Белгіні жатақтан дүрбі салып тұрған адамның көзіне айнамен күн сәулесін түсіру арқылы берген көрінеді. Бұлтты күні кезекші тұрған жерінде бес рет шенбер жасап айналаса қауіп барын, он

рет айналаса тыныштық екенін сездірткен.

Қашқындар күнкөріс үшін аңшылықпен айналысады. Алған аңдарының терілерін дайындау мекемесінің адамдарына ұн, қант, шөй секілді азық-түлікке айырбастап отырған. Бұл мақсатта олар тек екі адаммен ғана байланыс орнатады. Оның бірі Момынға ағайын болып келетін қызылордалық – Жөрмен, екіншісі – Жезқазған жактың Әбен деген дайындаушысы. Бұлар қашқындарға азық жеткізіп беруден бөлек, қуғыншылар

Сот үкімімен он жылға сотталып, Алматы түрмесінде болған Момын 1954 жылы жаза мерзімін өтеп, еліне оралады. Елге келгеннен кейін біраз күн өткен соң машинамен бірнеше адам келіп, «бізбен бірге жүресіз» деп алып кетеді. Отбасымен енді табысқанда қайта алып кетті ғой деп жұрт аяушылық білдіреді. Екі айдан кейін әлгі адамдар оны үйіне қайта әкеп тастайды. Сөйтсе, олар Жаңадарияның ескі арнасын картаға түсіру үшін Момынды жолбасшылыққа алған екен.



шыққанын да хабарлап тұрған.

Момын бір жолы қашық ишдің арасынан киізге оралып жасырылған винтовка тауып алады. Жасырған адам тот баспасын деп ұнғысына жылқының майын құйып қойған көрінеді. Тауып алған қарудың ұңғысына балғамен қосымша ойық жасап, оқтың шамадан тыс қашыққа жетуіне қол жеткізеді. Бірде Жаппасбай деген серігі екеуі аң аулап жүріп, алыстан оншақты әскермен бір жолбасшыны байқайды. Қашқындар сайға тығылады. Солдаттар бұларды көріп қойса керек. Бйіктен сайға түсуге екі солдат беттейді. Біріншісінің отырған ерінің басын Момын көздеп атып, оны атымен қоса құлатады. Екіншісінің аты Жаппасбайдың оғынан өледі. Түні бойы қашқындар мен қуғыншылар бірін-бірі аңдысып жатады. Сол түні қашқындардың өздерімен бірге болған аты мен түйесі бірденеден үркіп шығады. Бұл жағдай Момындыларды уайымға салады. Таңертең қараса, қалың ишдің арасында қасқырдың күшіктері жатыр екен. Бұлар күшіктерді өлтіріп, қапқа салып, қуғыншылардан аман-есен құтылып, жатақтарына жетеді. «Сонда бір қорыққанымы-ай» деп кейін Момын айтып жүріпті.

Бірде оның қайнағасы Иса деген кісіні НКВД қашқындарға жібереді. Құйеу балаң бастаған топты үкіметке берілуге көндіріп деп тапсырма береді. Өз еріктерімен берілген жағдайда жазалары жеңілденетінін айтады. Бандылар өздеріне келе жатқан Иса мен қауіпсіздік қызметкерлерін дүрбімен алыстан байқайды. Олар жасындағанда Момын винтовкасымен көздеп атып НКВД агентінің бас киімін, Исаның құранды ерінің басын оқпен ұшырып түсіріпті. Көрініп тұрған адам жоқ, бізге атылған оқ келген іздерімен кейін қайтындар деген белгі ғой деп ойлаған елшілер кері қайтуға мәжбүр болады.

Тағы бірде бұларды іздеп шыққан он бес шақты әскердің аттарын атып өлтіріп, оларды кейін қайтуға мәжбүр еткен. Олардың артынан аңдыса біреуі бұлаққа жетпей шөлдеп өлгенін, қалғандары аман кеткенін біледі. Үнемі қауіп-қатерде өмір сүруге болмас деп Момын бастаған топ ауған жеріне кетуге бел байлайды. Бұлар артық қару-жарактарын, ұстахана саймандарын әр жерге шұңқыр қазып жасырады. Жолға аттанар алдында Момын бұған дейін даладан тауып асырап жүрген екі жетім баланы Жезказғандағы досына апарып тапсырады. Оларды өз балаңдай тәрбиелеп өсір деп өтініш айтады.

Ауған еліне аттанған топ Әмударияның тасып жатқан кезіне тап болып біраз бөгеледі. Сол кезде соғыс біткенін естиді. Бұлар ойласа келе, ешқайда кетпей, үкіметке берілу туралы шешімге келеді. Қызылордаға жакындағанда алдарынан шыққан НКВД адамдарына кездесіп, қару-жарактарын тапсырады. Сонда отряд командирі Момынға «Сені жақсы мерген дейді, қанекі, көрсетші өнеріңді, – деп нағанын ұсынады. Қашқындардың басшысы өзінің винтовкасын сұрап алып, қамысты офицер көрсеткен жерден оқпен кыып түсірген екен.

Елге қосылған бұрынғы қашқын колхоздың жылқысын бағады. Сұрастыра жүріп, өзіне мінуге жарайды деген атты колхоз бастығы орынбасарынан қаулап алады. Сол аттың көмегімен жөне қақпан салуымен бір жылда 55 қасқыр алыпты. Атты үйреткені сондай қашқан қасқырды қуып жетіп, алдыңғы екі аяғымен тарпып өлтіреді екен. Жылқыда жүрген Момын баяғы қашқын кезінде тығып кеткен дүниелерінің біразын тауып алады. Әйтсе де, мылтық жасайтын ең негізгі саймандарын таба алмайды. Ол жерлерді құм басып кеткен еді. Сол жылы Қарақұмдағы қойшыларға Райпотребсоюздан азық-түлік келмей қалған болатын. Сонда қойшылар Момын аулаған киік етінмен және қой сүтімен амалайды. Ұнсыз тамақ жей берсе, адамның іші кебеді. Соны ойлаған Момын жылқысын біреуге тапсыра тұрады. Аң терілерін үш түйеге артып, қасына он алты жастағы ұлы Ерканды ертіп Жезказғанға тартады. Ол жатқан баяғы екі жетім баланы іздеп табады. Екеуі де жақсы қызметтер атқарады екен. Солардың көмегімен алған ұнды қойшыларға жеткізіп, теңдей бөліп береді.

Теренөзек ауданында Октябрь мере-кесінің 40 жылдығы тойланып жатады. Сонда теңге аты жарысы болады. Оған ешкім тигізе алмапты. Жиылған жұрт «Абай колхозы атынан Момын шықсын» деп айқайласады. Көнігі аңшы атып қал-ғанда жіп төнселіп кетеді де тұра береді. Төреші барып текерсе, оқ теңгесін дәл ортасынан тесіп өткен екен. Сол жолы Момын үлкен сыйлық алып, аудандық газетке шығады.

Момын ақсақал жылқыдан шыққанныан кейін де аңшылық кәсібін жалғастыра берген. Соғыстан қашқан, бандыны басқарған Момынның соғысқа дейін туған екі баласына сотталып келгеннен кейін туған екі бала қосылады. Олардың бәрінен немере сүйіп, үрім-бұтақ жайып дүниеден өткен еді.

Ол кісі жаратылысынан түсі сұсты, көзі өткір, қараған адамының көзін тай-дырмай қоймайтын жан болатын. Қою қара мұрты өзіне жарасып тұратын болған. Көп сөйлемейді екен. Адамы кездесіп шешілмесе, әңгімге жоқ еді дейді көргендер. Басынан кешкен хикаяларын тек Іскендір деген ағасына ғана айтып береді. Оны немересі Амандық ойына сактап қалған. Мен соны көпшілікке жеткізгенді мақұл көрдім.

– Ақсақалымыздың хикаяларын жаз-бастап бұрын ҰҚК мұрағатына сұрау салып, Момын Қуандықов туралы деректер алдым, – дейді Т.Тәуекелов. – Олардың берген анықтамасында М.Қуандықов әскерге шақырудан бас тартып, қаруланған қылмыстық топ басшысы ретінде опера-тивтік топқа қарулы қарсылық көрсеткені үшін 10 жылға сотталған деп көрсеткен. Оның қылмысы «Қапай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңына сәйкес

Біз білетін Момынның хикаясы осындай еді.

Жазып алған  
Ж.Ә.ІМАХАН.

● АУЫЛ–АЙМАҚ

.....  
**Көктөбе – облыстың оңтүстігіндегі ауыл. Түгіс-кен каналының сағасынан айнала алақандай аңғарылады. Анау дария, ал нөпір судан өнші алған канал осыдан шұбатыла узағынан ұзап, Жаңақорған ауданының жиырмашақты елді мекенін суландырады. Халықтың ырыс-несі-бесінің кезі.**  
.....

# ТҮЛЕГЕН АУЫЛДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК

Көктөбеге қайтып оралайық, жүз шақты түтіні бар, жеті жүзге тарта жан тіршілік ететін елді мекен облысымыздың оңтүстігіндегі ең шеткі ауыл екендігін сөз басында айтып өттік. Өз алдына дер-бес ауылдық округ болғанына да оншақты жылдың жүзі айнады. Ауыл тұрғындары бұрыннан да бейнөткеш еді, егін егіп, мал өсіріп, өндірген өнімі мен баққан малын дарияның арғы бетіндегі тиіп тұрған Түркістанға пұлдаудың жолын ерте-ақ кәсіп етті. Іргесінде шалқи аққан дария, төрт түлік малға пана тоғай, көктемде су жайылып, шөбі шүйгін болатын шабындығы мен мал жайылымы атақасіппен шұғылдануға барынша тиімді. Ауыл қазір нарықтық қатынасты тіп-тен жақсы меңгергендей. Тұрғындары негізінен тары дақылын егіп, оны өңдеуге бейімделген. Жаздай егіс күтімімен далада жүрсе, қыс айларында тарыны түйіп, сөк дайындайды, базарға шығарады, өз аяқтарымен алып кететіндер де баршылық. Бұл дегеніміз – қыруар ақша! Келісі 500 теңгеден айналады. Алайда, бәрі де енбекпен келеді.

Көктөбе соңғы жылдары қайта жаңғыра бастады, бір кездері оқу іздеп ұзаққырап кеткен ауыл түлектері туған ауылды көркейтуге, сәулеттендіруге қол созды. Соның бірі – Күміс қарындасымыз. Уақыт шіркіннің қалай зырлап өткенін аңдамай қалатынымыз бар. Алысқа шығандамай-ақ, бері қайырганның өзінде де 1977 жылдан бері 39 жыл зыр етіп өте шығыпты-ау. Сол жылы мектеп бітірген өрендер аса бір ұйымшыл, бір-біріне үйірсеқ, қамқор болып жетіліпті. Әлі күнге бір-бірін іздеп, той-жындарында қатар жүргендері. Солардың бастамашалырының бірі де осы Күміс Қынашақызы.

Мәлдергерлік институттан тәмамдаған соң, саялы Алма-ты қаласында тәп-тәуір қызметтер атқарды, жары Қанапия келін-шегінің туған ауылды түлетсем деген ниетіне қарсылық танытпай, көмектесуден тартынабады. Ынтымақтың нәтижесі де, осыдан үш-төрт жыл бұрын елге қайта оралған Күміс ұлы Қайрат екеуі шаруа қожалығын құрып, әуелгі шаруаны 10 гектар жерге алма ағынның көшеттерін отырғызудан бастады. Оны мал түспейтіндей етіп қоршап,

.....  
**Мемлекет басшысы** боджет қаражатының тиімді әрі оңтайлы пайдалануына бақылауды күшейтті, сондай-ақ «Нұрғы жол» жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыруға қажырлық тәртіпті нығайтудың маңыздылығын үнемі айтып келеді. Осы ретте Қызылорда облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясы 2015 жылғы бақылау шараларының жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыруға бөлінген бюджет қорларын пайдалану бойынша тағайындалған тексерулер жүргізі. Тексеру атаған бағдарламаның 01.01.2011 жылдан 30.06.2015 жыл аралығындағы орындау кесенін қамтыды. Бақылау шаралары нәтижесінде жалпы сомасы 3 941 476,8 мың теңгенің бұзушылығы анықталды. Оның ішінде қаржылық бұзушылық сомасы – 846 934,7 мың теңге, қаржылық есеп берудің бұзушылық сомасы – 3 094 542,1 мың теңге болды. Жарамды көрсетілген бұзушылық сомасынан қайта қалыпына келтіруге және өтеуге жататын қаржы көлемі – 3 441 097,2 мың теңгені құрайды. Оның ішінде қалыпына келтіретін сомa – 3 130 813,2 мың теңге, бюджетке кіріс есебінде өтелетін сомa – 310 284,0 мың теңге. Қабылданған шараларға сәйкес 01.02. 2016 жылы 3130 813,2 мың теңге көлемінде қаржы қалыпы келтірілді. Ал бюджетке кіріс есебінде төленген қаржы сомасы 127 743,8 мың теңге болды. Қалыпына келтірілмеген және өтелмеген қаржының қалған көлемі –182762,4 мың теңге. Оның ішінде қалыпына келтірілмеген 221,9 мың теңге және бюджетке кіріс ретінде өтелмеген қаржы көлемі 182 540,0 теңге.

Оның ішінде қалалық білім бөлімі бойынша көрсеткіш 144 473,2 мың теңгені құрайды. Бақылау нысаны бойынша материалдар сотқа берілді. Қызылорда арнайы экономикалық сотына инспекция тарапынан 24.11.2015 жылғы қалалық білім бөлімі басшысы КР Әкімшілік кодексінің 462-бабы бойынша жауапкершілікке тарту жөніндегі №16-2282 нөмірі талап ары берілді. Қызылорда облыстық құрылыс басқармасы бойынша бұзушылық көлемі 17125,8 мың теңге. Бақылау нысаны

.....  
Облысымызда 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2014 жылғы 30 маусымдағы № 213-Ұ ҚР «Қазақстан Республикасының азаматтарына, ормандарында және Қазақстан Республикасына тартуға асырғыштық бар адамдарға олардың мүлкіне жария етілген байларменің расқымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүлкі жария етуге құжаттар қабылдау жүргізілуде.

**Мүлкіт жария ету** – заңды экономикалық айналымнан шығарылған немесе тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттік таныу ретінде.

**Тістік емес тұлға** (бұдан әрі – басқа тұлға) – алған кірістерін жасыру мақсатында жария ету субъектісінің кірістерінен сатып алынған мүлкінің меншік иесі ретінде әрекет еткен тұлға.

**Мүлкіт жария ету мерімі** 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталады және 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

**Мүлкіт жария етудің мақсаты**

Мүлкіт жария ету табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтары мемлекеттің таныу рәсімі және жария етілген капитал түрінде экономикаға қосымша қаражатты тарту, оны заңды айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ұсынған Бес институттық реформа және оны жүзеге асырудың 100 нақты қаламдында «2017 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік қызметкерлер, одан әрі барлық азаматтар үшін кірісті және шығысты жалпы жариялауды келесі-кесенімен жүзеге асыру» (ІІІ тарау, 42-қалам) қарастырылған. Яғни, жалпылық бірдей декларациялау кезінде азаматтар заңдастырылған мүлкі мен табыстарын ашық көрсете алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Салық мәселелерінде өзара әкімшілік көмек түрлерін қолдануға қолдау беріліп, оның негізінде азаматтың әр түрлі елдерінің салық органдары өз резиденттерінің өсі елдеріне орналастырылған мүлкі мен кірістері туралы ақпаратпен алмасалды.

Осылайша, мүлкіт жария ету бойынша жүргізілетін ақпарат мемлекеттің кіріс органдарымен өзара қарым-қатынастарда реттеу және болашақта ұлқыларды наразыларды болдырау үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

**Жария етуге басшылықты**

Мүлкіт жария ету барысында алынған мәліметтердің құпиялылығы сақталды және заңдастырылған мүлкі пен мүлкі иесінің өтініш мүлкіт жария ету барысында анықталған мәліметтерге сүйене отырып қылмыстық іс жүргізуге және әкімшілік, тәртіптік жауапкершілікке тартуға тыйым салынған.

**Жария етуге келесі мүлік жатады:**

- ақша;
- бағалы қағаздар;
- заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатпай, басқа адамға ресімделген жылжымайтын мүлік;
- құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар);
- Қазақстан Республикасының аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік жария етуге жатады.

**Жария етуге жатпайтыны:**

Құқыққа, адамның бостандығына қарсы жасалған қылмыстар; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыстар; Жалған ақша, құнды қағаздар мен құжаттар; заңсыз жасау нәтижесінде алынған мүлік және ақша; Құрыға сот тәртібінде немесе заңды түрде даулынып жатқан мүлік; Несие ретінде алынған ақша; Мемлекеттің пайдасына тапсыруға тиіс мүлік; Құрылысшының аяқталуы бюджеттік қаражатын есебінен іске асырылатын жылжымайтын мүлік объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар.

**Мүлкіт жария етуің оқтқу үшін қажетті құжаттардың тізбесі**

**Ақшаны жария ету** ұлттық және (немесе) шетел валютасында екініші деңгейдегі банкте, Ұлттық пошта операторында ашылған ағымдағы шоқта салу (аудару); Екінші деңгейдегі банкте, Ұлттық пошта операторында **ағымдағы шоқта ақшаны салмай (аудармай)** - жария ету арқылы жүргізіледі.

Ақшаны жария ету үшін кіріс органдарына өткізілетін құжаттар:

- жеке басқан куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына тапсыратын 2 данада арнайы декларация;
- ақшаны ағымдағы шоқта енгізген (аударған) кезде екінші деңгейдегі (банктің), Ұлттық пошта операторының жария ету субъектісіне енгізілген (аударылған) ақша сомасының мөлшерін растайтын анықтама көшірмесі;
- ақшаны ағымдағы шоқта салмай (аудармай) жария еткен жағдайда – мүлкіт жария еткені үшін алымның төленгенін туралы түбірөктің көшірмесі. Бұл ретте, кіріс органына арнайы декларацияны тапсырғанға дейін жария етілген ақшаның сомасынан 10% мөлшерде алдын ала алым төленгендігін растайтын құжаттың көшірмесі.

Сондай-ақ, жария ету субъектісімен өзіне тиесілі материалдық және

бақса су келтіру де оңай шаруа емес, бет алған соң кедергілерге қарамады, осы ойын жүзеге асырды. Шығымдылығы сарпайтаудан өткізілген көшеттер Шымкент қаласы мен Сарыағаштан алдырылды. Үйретуші бағбандар да әуелгіде оңтүстік өңірлерден шақырылды. Қанша дегенмен бұрын қолға алмаған істің құпиясы да көп қой. Ал ауыл адамдары да бұл шаруаға біртіндеп икемделе бастады. Сол кезеңде ауыл шаруашылығына қолдау білдіретін орындар арқылы өз жұмысын дәлелдеп, 4,5 миллион теңге субсидия алуға қол жеткізді. Істің нәтижесіне қарай, көшеттерінің сексен пайызы жерсініп, көптеп қоя берді. Жапырақ жайды. Ал келер жылы бұрынғы көлемге тағы да 10 гектарды қосты. Сонымен ел шетіндегі Көктөбенің айналасы жа-

# ТҮЛЕГЕН АУЫЛДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК

сыл желекке бөленіп шыға келді. Ауыл шетінен өткен жүргіншілер: «Мына жұмақ қашан орнап қалған?» деп таңданыс білдірісіп жата-ды. Сол көшеттерден жетілген алма ағаштары биыл жеміс береді деп күтілуде.

«Рахман» шаруа қожалығын құрған Күміс шаруашылығын онан әрі жетілдіріп, мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 11 млн теңге қаржы алуға қол жеткізді. Оған бастапқыда 112 бас ірі қара алып, өсіре бастаса, олардың өз төлі есебінен қойбейту жұмыстары да қатар қолға алынған. Сондай-ақ, бұл күндері аталған шаруашылықта екі отардай уақ мал да бар.

Атақесіпті қолға алғаныма қуаныштымын. Өрине, қиыншылығы да бар, ал еңбегің жанаса, ондай ауыртыпалықты ұмытып та кетелі екенсің, туған ауылды көркейтуге атсалыссак, елдің ризашылығын алсақ, бір пәрызды орындағандай болармыз деген сезім бар, – дейді Күміс Қынашақызы.

Қожалықтың басташылары Мұратқазы мен Айтқазы мал күтімі мен емдеу жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізсе, алма бағының ша-руасыммен Қасымбекті Жұмашев, Назымхан Тұтқабаев айналысады. Ал Сапархан Тұтқабаев техника тіліне жетік; су айдайтын насостарға, басқа да техникаларға да қарайды. Уақытыша жұмысқа тартылатын ауыл адамдары да кейіннен құрылған шаруашылықтың шарапатын көріп келеді.

Иә, ишет пенн қабілет ұпхатсаса нәтижесі – береке. Бак өсіру мен мал шаруашылығы да өз арнасымен дами берек. Міне, күн жылын-ды, наурыз айының ортасынан топ туымы басталса, алма бағының да жемісін теретін кез келіп қалады. Бұл әрине, енбектің өтеуі.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.  
Жанқорған ауданы,  
Көктөбе ауылы.

.....  
**МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫНЫҢ ӘРБІР ТИЫНЫ ӨЗ МАҚСАТЫНДА ЖҰМСАЛУЫ ТИІС**  
.....  
Мемлекет басшысы боджет қаражатының тиімді әрі оңтайлы пайдалануына бақылауды күшейтті, сондай-ақ «Нұрғы жол» жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыруға қажырлық тәртіпті нығайтудың маңыздылығын үнемі айтып келеді. Осы ретте Қызылорда облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясы 2015 жылғы бақылау шараларының жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыруға бөлінген бюджет қорларын пайдалану бойынша тағайындалған тексерулер жүргізі. Тексеру атаған бағдарламаның 01.01.2011 жылдан 30.06.2015 жыл аралығындағы орындау кесенін қамтыды. Бақылау шаралары нәтижесінде жалпы сомасы 3 941 476,8 мың теңгенің бұзушылығы анықталды.







## №28 «Жаңақорған» сайлау округі бойынша облыстық мәслихат депутаттығына кандидат ИСКАКОВ ЖАНКЕЛДІ ОЙШЫҰЛЫ



Искаков Жанкелді Ойшыұлы, 1958 жылдың 21 наурысында Жаңақорған кентінде дүниеге келген. Отбасылы, 4 ұл, 2 қыздың әкесі, 6 немеренің атасы. Бос уақытында спортпен (мини-футбол, баскетбол, теннис) шұғылданады. Қайырымдылық қызметпен және дарида жастарды қолдаумен айналысады.

Алғашқы білім басталдағын Жалаған кентінің №31 орта мектебін бастап, Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институты (ЖГМКИ), содан кейін Қазақ құрылыс және халықаралық қатынастар институты және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде жалғастырды. Білімі жоғары – құрылысшы экономист, мұнай газ ісінің бақалаушы және техника ғылымдарының магистрі.

Алматы зооветеринарлық институтының басқарушы кадрлар дайындайтын бөлімінде білім алған.

1975-1985 жылдары жұмысшы, тас қалаушы, әскер қатарында

### ӨМІРДЕРЕК

Оған алдындағы борышын өтеді, ЖТМКИ студенті.

1985-1988 жылдары Қараөзек кеңшарында құрылыс шебері, прораб қызметтерін атқарды.

1988-1991 жылдары Тереңөзек ауданындағы агромеркесінің бірлестігіне қарасты. Құрылыс кооперативінің басқарушысы, аудандық агромеркесінің бірлестігі төрағасының құралы құрылыс жөніндегі бас маманы болып іс атқарды.

1991-1994 жылдары Қызылорда облыстық агромеркесінің бірлестігінің күрделі құрылыс бөлімінің бас маманы, бастығы.

1994-1996 жылдары “Тауһар” кіші жеке мекемесінің директорының орынбасары.

1996-2001 жылдары “ОСТ” ЖПСК директоры.

2001 жылдан бастап “Қазақияда атомның мұнай өңдеу зауыты” ЖПСК атқарушы директоры қызметін атқарып келеді.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

№28 «Жаңақорған» сайлау округінің облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлікке тілек білдіруінің негізі – елге деген парыздығы өтеу. Өткізген өмірінде аса қиып кетері: білім ауы, жеке тұрағын қалыптасты, адал достарын табу, өміріне тәжірибе жинақтау тұтаң жерін – Сыр елімен тығыз байланысты.

Сондықтан болар, осы сайлау округі тұрғындарының мүддесін қорғауды басты мақсатым деп санаймын және төмендегі нақты міндеттерді жүзеге асыруға оң күш-жігерімді айналымын.

1. Табиғи газбен қамту. Биылғы басталған табиғи газбен қамту жұмысын іске қосуға икемді ету, кент тұрғындары үшін осы құбырға қосуға икемді ету, сондай-ақ тұрғысы төмен отбасылар мен мүгедектері бар отбасыларға белгілі бір мөлшерде жеткізетін болуына көмек көрсету.

2. Ауыл су мәселесі. Республиканың облыстық бюджет қаржыларын кенттегі мемлекеттік “Ақбұлақ” бағдарламасы бойынша су құбырларын жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын бағыттауға икемді жасаймын.

3. Экология және аяқ есу. Жаңақорған кентінің экологиялық хал-ауаына жақсару және тұрғындары аяқ есумен толыққанды қамтамасыз ету мақсатында “Тайнақол-Қаңдыарал” көлдер жүйесін қалпына келтіру” жобасын іске асыруға икемді ету, бұл жоба республикалық бюджеттен қаржыландырылуы ұсынылған. (Жобаның сметалық құны 2,4 млрд теңге, мемлекеттік сарптамасын ауданы, МАИ бекеті аумағы “Алғыс Еуропа – Елмәңгі” аумағында дабылдануға облыстық бюджеттен 39,0 млн теңге қаржы бөлініп жасалған).

Кент аумағының экологиялық жағдайын жақсартау бағытындағы жасалыс бөлулер, жасалыс жөзделер, өкпеулер, күлдер, газдардың орналастыруын сызбасын, жоспарын жасап (Алтынсарын ауданы, МАИ бекеті аумағы “Алғыс Еуропа – Елмәңгі” аумағында дабылдануға облыстық бюджеттен 39,0 млн теңге қаржы бөлініп жасалған).

4. Жұмыссыздықтың күйі. Жаңақорған ауданында жұмыссыздық деңгейінің биіктігі және кәсіп білетіндігі жоғары жас маман кадрларын талпындыру септелуі.

«Жұмыспен қамту – 2020», «Ағартушылар» бағдарламалары шеңберінде жана жұмыс орындары ашуға жұмыс жасап, жұмыссыздық деңгейін азайту.

5. Шағын және орта кәсіпкерлік. Ауданымыздағы кәсіп бардан аумағын кеңейту және ісін ашымын деп талпынғандардың несиесі алуына икемді жасаймын. Кент тұрғындарын жана жұмыс орындарымен қамтамасыз ету үшін “Кәсіпкерліктің дамуы аймақтарын” құруға жұмыс жасау.

(Қаржысы республикалық бюджет есебінен).

## АЛҒЫС АЙТУ – ІЗГІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Мемлекет басшысының Жарлығы бойынша биылғы жылдан бастап 1 наурыз – Алғыс айту күні болып жарияланғаны мәлім. Бұл түрлі ұлт өкілдерінің әрбір адамның бір-біріне жақсылық пен жылулық сыйлауы, кішіпейілділік, ізеттілік қағидаларын дәріптеу күні болып саналады. Осы орайда «Достық үйінде» қала жастарының қатысуымен флешмоб ұйымдастырылды. Белсенділер көпшіліктің көңілін көтеріп, соғыс ардагерлеріне, ұстаздарға алғыстарын білдірді.

Мерекелік шара Қызылорда медициналық колледжінде түрлі сала мамандарын марапаттаумен жалғасты. Мұнда жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Алғысым шексіз, Отаным!» атты кеш өтті. Шара барысында колледж директоры Әзіма Ибраев

ва құттықтау сөз сойлеп, жылы лебізін білдірді.

Жастар ресурстық орталығының директоры Жасұлан Алдабергенов бірқатар мекеме қызметкерлерін Алғыс айту күнімен құттықтап, аймақ өркендеуіне қосқан үлестері үшін рахметін жеткізді. Салтанатты шара колледж студенттерінің концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Алғаш рет тойланып отырған бұл мерекенің халқымыз үшін маңызы зор. Алғыс айту өзіңде барды бағалаудан басталады. Анаға өмір сыйлағаны үшін, әкеге қамқорлығы үшін, атаға бейбіт күн сыйлағаны үшін, әжеге жылы алақаны үшін, күнге шуағын



Гүлхан ЯХИЯЕВА.

төккені үшін, сөзге жанды жылытқаны үшін, суға тіршілік көзі болғаны үшін рахмет! Әр күнімізге шүкіршілік етіп, алғыс айта білейік.

\*\*\*

1 наурыз күні елімізде тұңғыш рет «Алғыс айту күні» аталып өтті. Айтулы мерекеге орай М.Ерәлиева атындағы мәдениет үйі ұжымының ұйымдастыруымен «Ықылас, пейілі айқұшақ» атты мерекелік шара болды.

Мерекелік шараны қала әкімінің орынбасары Айдын Қайруллаев ашып, барша қызылордалықтарға шексіз алғысын білдірді. Айтулы мерекесіне көрей ұлттық орталығының ақсақалы Вилорий Шин қазак

\*\*\*

Биыл аймағымызда “Алғыс айту күні” ерекше аталып өтті. Сондай шараның бірі облыстық өлкетану музейінде ұйымдастырылды. “Жүректерн жүрекке мың алғыс” атты мерекелік кешке этномәдени бірлестік жетекшілері мен студенттер, оқушылар қатысты. Олар арнайы дайындалған концертті тамашалап, бір-біріне деген ыстық ықыластарын, ерекше ризашылықтарын білдірді. Ал “Қазақстандағы орыс қауымдастығы” қоғамдық бірлестігі филиалының жетекшісі Владимир Толоконников қазақ халқына деген ерекше ілтипагын жеткізді.

— Әрине, бізді дүниеге әкелген ата-анамызға, білім мен тәлім-тәрбие берген ұстаздарымызға ризамыз. Соның ішінде, қазақ халқына деген алғысымыз шексіз. Себебі, сол бір қиын-қыстау заманда жер аударылып, барар жері, басар тауы болмаған талай ұлт өкілдеріне төрін ұсынды. Ал ел тәуелсіздігін алғаннан кейін бізді ұлтқа, нәсілге бөлген ешкім болған жоқ. Керісінше, қолдау көрсетіп, Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Енді бүгінде бейбіт те, тәуелсіз елде мамиражай күн кешіп жатырмыз. Сол үшін де ризамыз. Ендеше, барлық жерлестерімді осы бір кере-

мет мерекемен құттықтаймын. Бір-бірімізді сыйлап, бағалай білейік, — деді ол.

Жалпы алғанда, аталған мереке Қазақстан халқын біріктіруге бағытталған “Мәңгілік ел” жалпыұлттық идеясының негізінде туындаған. Осылайша елді бірлікке, біртұтас ел болуға шақыру көзделген. Сонымен қатар, дәл осы күн туған жерлерінен еріксіз қоныс аударылып, қазақ жерінен пана таппақ өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген ыстық ықыласы мен шексіз алғысын жеткізудің белгісі ретінде қалыптасқан.

М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.



Барлықбек БАТЫР.

\*\*\*

Ақпанның соңғы күні қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйінде “Барша ұлтқа мекен болған Қазақстан” атты мерекелік іс-шара болып өтті. Онда келушілер мен интернат үйінің тұрғындарына қазақ, өзбек, татар, корей және орыс ұлтының тағамдарынан жәрмеңке жасалып, №6 кітапхана қызметкерлері кітап көрмесін ұйымдастырды.

Мерекесіне орай сұралып жылдары қазақ жеріне еріксіз қоныс аударылған өзге ұлттарға қамқорлық танытқандар жайлы бейне-

көрсетіліммен басталды. Облыс әкімі аппаратының “Қоғамдық келісім” КММ директоры Ұәлихан Ыбыраев, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Алтын Ескараева, татар этномәдени бірлестігінің төрайымы Галия Гизатуллина өздерінің мерекелік лебіздерін білдіріп, сол кезеңдегі қазақ халқының бауырмалдығы, бірлігі жайында әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, интернат үйінің бір топ демалушылары, қызметкерлері облыс

\*\*\*

Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында Алғыс айту күніне орай Әділбек Тауасаровтың «Махаббат аралы» драмасының қойылымы болды.

Бұл спектакльде орман ішіндегі бір сәттік оқиға мен қоғамдағы белең алып тұрған қамқорлық пен парварқорлық жайы толық қамтылған. Сондай-ақ, қарапайым орманның өзіндік ісіне деген адалдығы, табиғатқа жанашырлығы көрсетілді.

Дүние, байлық, оның барлығы – бір күндік нәрсе. Қанша қуып жет-

кенімнен, бойыңа тараған дертіңе ем бола алмасы даусыз. Режиссердің шешімі – дүниеге ашкөзділікпен қараған пенденің оған деген тойымсыздығын бір уыс топырақпен тоятқандығын, көрерменге үлкен ой тастау. Қойылымда орманның ролін «Мәдениет саласының үздігі» төбелсіздігін негегі Бақытбек Темірбеков ойнады. Ал жемкор дәрігер Марат Мамайұлы мен оның сүйіктісі Айнаның ролін театр әртістері Сырым Әдірзақов пен Ақтоқсан Төлеуова сомдады.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

Г.РЕЙМБЕРГЕН.

Асқар Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай қала әкімдігінің қолдауымен «Мәңгілік Ел – мұратым» атты республикалық жас ақындар айтысы өтті.

## ТӘУЕЛСІЗДІК АРҚАУ БОЛҒАН АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Айтыс аламында әр аймақтан келген 10 ақын бақ сынады. Сөз додасына Досымжан Танатаров, айтыскер ақын Нұрмат Мансұров және Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова қазылық етті. Бірінші кезеңде қыз бен жігіт, аға мен іні айтысына куә болдық. Ал екінші кезең қайым айтысқа ұласты. Айтысты алғашқы «Алтын домбыра» иегері, жерлесіміз Мұхтар Ниязов жүргізді.

Сөз маржанын терген жас ақындардың ешбірі марапатсыз қалған жоқ. Қызылордалық Бекжан Ержігіт, Мұхамеджан Мансұров және Тараз қаласынан Айтбек Тұрсынбаев, алматылық Алтынбек Ибрагимовқа ынта-

ланыру сыйлығы бұйырды. Ал 3-орынды қарағандылық Ботакөз Мұхитдинқызы мен қызылордалық Сырым Әділбеков өзара бөлісті. Келесі орындар Сыр елінің ақыны Мәдір Айтбай мен алматылық Бибігүл Тілеуболдина қанағат тұтты. 1-орынды Шымкент қаласының ақыны Дәурен Ақсақалов иеленді. Айтыс сахнасына алғаш шыққан шиелілік жас ақын Мейрамбек Ибрагимов көрермен ықыласына бөленіп, бас жүлдені қанжығалады. Ел Тәуелсіздігі арқау болған ақындар айтысы көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Гүлнәр ӘБДІХАНИҚЫЗЫ.

## СЫР ЖАСТАРЫ ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Ақтөбе қаласында «Болашаққа 25 қадам» атты мерекелік науқаны аясында өткен республикалық «Болашақтың 25 идеясы» пікірсайыс турнирінде қызылордалық жастар бірінші орынды иеленіп, аймақ абыройын асқақтатып қайтты.

Кеше Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі жанындағы өңірлік коммуникациялық орталығында жеңімпаз жастар республикалық сайыстан алған әсерлерімен бөлісті.

Брифингте Ақнұр Шамшадинқызы турнирдің мақсаты мен талаптары жөнінде айтып берсе, сайыс жеңімпаздары «Тұңғыш Астана» фракциясының мүшесі, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың студенті



Нұрсұлтан Есенәлиев пен «Болашақ» университетінің студенті Перизат Несіпбаева турнирде көтерілген тақырыптар, идеялар тұрасында әңгімеледі.

Жалпы, республикалық пікірсайыс турниріне еліміздің түкпір-түкпірінен 34 студенттік және 32 мектептік топ қатысқан. Қызылорда

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген екен дана халық. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей кемтар, қамқорлыққа мұқтаж балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір адамның азаматтық парызы.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА РИЗАШЫЛЫҚ

Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам жасайды. Міне, сондықтан да елімізде «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы дәстүрлі түрде өз жалғасын тауып келеді.

Осы мақсатта Қармақшы ауданы Ақжар ауылының №28 мектеп ұжымы республикалық «Қамқорлық» акциясы аясында игі жұмыстар жасады. Ауылымыздағы мекемелердің ұжымдарына үндеу тастап, бірлесіп отырып, жанашырлыққа мұқтаж жандарға қамқорлық жасалды. Осындай ұйымдасқан жұмыстың нәтижесі де мол болмақ. Аламын ауылдық клубта «Шапағат нұрын шашайық!» атты концерт ұйымдастырылды. Оған ауылдың барлық тұрғындары келіп, оқушылардың өнерін тама-

шалап және өздері қайырымдылық көрсету үшін жиналды. Концерт соңында мектеп директорынан бастап барлық ауыл қызметкерлері өз көмектерін көрсетті. Акция барысында мектебіміздегі 23 оқушыға қайырымдылық жасалды. Жиналғандар қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, қолдан келген жәрдемің берген №28 орта мектебінің ұжымына, ауыл әкімшілік аппаратына, ауылдық емхана мен ауылдағы №7 «Шаттық» балабақшасы және ауылдық мәдениет үйі ұжымдарына ризашылық білдірді. Болашаққа бағдар, игі іске ұмтылыс – адамзатқа тән құбылыс. Ендеше, бірлесіп, асыл арманына қол созғандарға сүйеніш болып, қолымыздан келген көмегімізді аямайық.

Гүлзада ҚОЙШЫҒҰЛОВА,  
№28 орта мектебінің әлеуметтік педагогы.  
Қармақшы ауданы, Ақжар ауылы.

## ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚТЫ ТҰМАР ЕТКЕН

Алғыс айту күніне орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Тұрақтылық пен татулықты тұмар еткен – Қазақ елі» атты мерекелік шара болып өтті. Оған ұлттық-мәдени орталықтар өкілдері, кітапхана ардагерлері, жастар ұйымының белсенді мүшелері, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері, тұрақты оқырмандар мен «Кездесу клубының» жастары қатысты.

Шараны кітапхана директоры Нұржамал Мырзамұратова ашып, алғаш рет тойланып жатқан мерекенің маңыздылығына кеңінен тоқталып, қатысушыларға алғысын білдірді. Мұнан кейін татар және корей ұлттық мәдени орталығының мүшелері Г. Ибрагимов мен Д. Цзю сонау қиын кезеңдерде ата-бабалары қазақ елінен пана тауып, мейірімге бөленгендерін жеткізді. Бір шаңырақ астында татулық пен достықты ту етіп келе жатқан сан түрлі ұлттың қазақ еліне деген алғысы шексіз екенін айтты.

Сонымен қатар, шарада «Қазақстан – ортақ үйіміз» атты сурет салудан байқау өтіп, оқырмандар белсенді атсалысты. Ал «Ақ тілдер ағыны» мен «Жүрек лебізі» атты саймста қатысушылар мәнді, мағыналы тілдермен бен балапай айтты, «Қазақ еліне тағзым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Шара соңында облыстық филармония әншілері ән-жырдан шашу шашты.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

### ӘУЕСКОЙ АНШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Облыс көлемінде бекітілген аңшылық алқаптарда су құстарына (аталық үйрекке) көктемгі аңшылық маусымы 2016 жылдың наурыз айының 6-20-сы аралығында ашылатынын хабарлайды.

Байланыс телефонсы: 23 19 66.

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі  
төп/факс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары

70-00-43

Жауапты хатшы

70-00-81

бөлімдер:

руханит және аппарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

өспек-исап - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:

Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиели, Жанарқан:

Нұрматан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сәйкесен, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009

“Сапа менеджменті жүйесі”

талғатарына сайыс сертификатталған.

Авторының қатысуы тәсілдері бойынша

теңемді, қолжазба өнерінде және қайтарымдылығы.

Жарнамалар газеттің үлгісіне

кеңестіріліп, біріктіріледі. “Ақ”-өңірі қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында